

БАЛАЛАР НЕГЕ ҚАТЫГЕЗ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



МҮДДЕЛЕР ТҮЙІСКЕН ТҰС

8-БЕТ | ШАРТАРАП

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл – менің азаматтық борышым.

№131
(4875)
Бейсенбі
6 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2026 жылдан бастап Астанада суда жүзу спортын мектеп бағдарламасына енгізетін қанатқақты жоба қолға алынады.

Мұндай жаңалықты Үкіметтегі жиында Qazaq Aquatics федерациясының бас хатшысы Дмитрий Баландин жария етті. Қазір елімізде 360-тан астам бассейн бар. Су спортымен жалпы 135 мыңнан астам адам айналысады. Биыл балалардың спорт және шығармашылық үйірмелерге тегін қатысу мүмкіндігін кеңейтетін «Бірыңғай ваучер» атты қанатқақты жоба іске қосылды. Соның аясында мемлекеттік тапсырыспен 240 мың бала тегін секцияға қатысады.



80 жастағы елордалық желаяқ Салтанат Түйтебаев Нью-Йорк марафонында 80-89 жас санатында чемпион атанды.

Жуырда чемпион-атаны Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов, туған-туыстары әуежайдан құшақ жая қарсы алды. Ол өзінің спорттық мансабында екінші рет беделді марафонның жеңімпазы болды. 2021 жылы да Нью-Йорк марафонына қатысып, 75-79 жас санатында күміс жүлде алған еді. Міне, араға 4 жыл салып ол 42,2 шақырымды 4 сағат 45 минут 56 секундта жүгіріп өтті.



ГАЗ ТАРТУ ҚАРҚЫНДЫ


Астанада және қала маңындағы тұрғын алаптарда газ тарту жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеретін үлкен жоба. Жалпы алғанда, елордаға газ тарту үш кезекке бөлінген. Бүгінге дейін бірінші және екінші кезектер бойынша жұмыс толық аяқталды. Ал үшінші кезек 2025-2026 жылдарға жоспарланған. Жергілікті билік халықтың газ қолдануға тезірек көшуіне қолайлы жағдай туғызып отыр. Соның бірі – әлеуметтік ахуалы төмен топтағы азаматтарға 130 АЕК мөлшерінде ақшалай өтемақы беру.

ҚҰҚЫҚ ҚАЛАСЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы «Заң және тәртіп» қағидаты аясында Жастар сарайында «Құқық қаласы» атты интерактивті командалық квест өткізді.

Жобаның мақсаты – жастардың құқықтық мәдениетін арттыру, азаматтық жауапкершілігін дамыту және белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру. Іс-шара ойын түрінде өтті: қатысушылар құқықтық тақырыптар бойынша әзірленген станциялардан өтіп, әртүрлі тапсырманы орындады. Квестке Астана колледждерінің 100 студенті қатысты. Олар лудомания, вандализм, буллинг, есірткі тасымалы және нашақорлықтың алдын алу сияқты өзекті тақырыптар бойынша логикалық, зияткерлік және спорттық кезеңдерден өтті. Ойын барысында жастар заң нормаларын өмірлік жағдайларда қолдануды үйреніп, білімін тәжірибе жүзінде бекітті.





№131 (4875) 06/11/2025 Бейсенбі



ТАБЫСТЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Премьер-министрі Александр Турчинді қабылдады. Кездесуде екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық, өнеркәсіп кооперациясы және мәдени-гуманитарлық ықпалдастық перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Александр Турчиннің Астанаға жасаған алғашқы ресми сапары Қазақстан мен Беларусь арасындағы стратегиялық серіктестіктің айрықша сипатын растайды, сондай-ақ екіжақты ықпалдастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін көрсетеді.

«Сіздің сапарыңыз мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан өте маңызды деп санаймыз. Елдеріміздің сауда байланыстары миллиард долларға жуықтап, табысты дамып келеді. Менің білуімше, Қазақстан – Беларустің екінші сауда серіктесі. Жалпы, Сіздің еліңіз бен халқыңыздың төл мәдениетіне ерекше құрметпен қараймыз. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Александр Лукашенкоға сәлемімді жолдағым келеді. Табысты ықпалдастығымызды нақты нәтижелермен жалғастыруға бейілміз» деді Қазақстан Президенті.

Александр Турчин өзара тиімді диалогтың жоғары қарқынын сақтауға және мемлекеттер басшылары алға қойған міндеттерді нақты іске асыруды үйлестіруге мүдделі екенін жеткізді.

«Сізге Президент Александр Лукашенконың ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Күні кеше біз кеңінен әңгімелестік, оған Қазақстанға сапарымның бағдарламасы жөнінде жан-жақты ақпарат бердім. Қазақстанның даму жолын жіті бақылап отырамыз. Ұзақ жылдардан бері еліңіздің экономикалық өсімі тұрақты көрсеткішке ие. Сондықтан қазіргі табыстарыңызға шынайы қуанамыз. Өзіңіз атап өткендей, екі ел арасындағы тауар айналымы өсіп келеді» деді Беларусь Премьер-министрі.

Биыл 8 айдың ішінде өзара сауда көлемі былтырғымен салыстырғанда 20 пайызға артты. Өнеркәсіп кооперациясы аясында құны 204 миллион доллар болатын 12 жоба жүзеге асты. Тағы 3 жоба пысықталып жатыр.

ASTANA HUB-ты АРАЛАДЫ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов елімізге ресми сапармен келген Беларусь Премьер-министрі Александр Турчинмен бірге Astana Hub-қа барды. Беларусь Республикасының үкіметтік делегациясы Қазақстандағы цифрлық индустрияның дамуы, инновациялық стартаптар және GovTech шешімдерімен танысты.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың цифрлық мемлекетті жедел дамыту және экономиканың барлық саласына инновациялық технологияларды енгізу жөнінде қойған міндеті шеңберінде Үкімет жүйелі жұмыстар жүргізуде. Бүгінгі таңда Қазақстан БҰҰ-ның онлайн қызметтер индексі бойынша әлемде 10-ыншы, ал ТМД-да 1-орында, сондай-ақ жаһандық электронды үкіметті дамыту индексінде 24-орында тұр. Еліміздегі мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы азаматтарға онлайн режимде көрсетіледі.

Инновациялар үшін тартымды орталыққа айналған Astana Hub алаңында делегация жасанды интеллектіні пайдалану арқылы түрлі салада жүзеге асырылатын қазақстандық стартаптармен танысты. Олар – ересектер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Aman, спорттық аналитиканы дамытуда Mirai Tech, пилотсыз ұшу технологиясын әзірлеуде aDrone.kz жобалары. Сондай-ақ білім беруде TrustExam және Codiplay, денсаулық сақтауда Ascle және басқа да салаларда қолданылатын ЖИ-стартаптар ұсынылған. 2024 жылы Қазақстандағы IT-қызметтердің экспорты 20%-дан астам өсім көрсетіп, $880 млн-нан асты. Peer-to-peer инновациялық оқыту жүйесі қолданылатын Tomorrow мектебінде Қазақстанның жоғары білікті IT мамандарын даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға назар аударылды. Жалпы Қазақстанда 500 мыңға жуық азамат жасанды интеллект негіздерін оқып жатыр. Одан бөлек, Беларусь Премьер-министріне цифрлық кеңсенің қызметі және Egov Mobile, Egov Business, Smart Data Ukimet, ЖИ-ге негізделген ұлттық платформа мен тағы басқалардың технологиялық мүмкіндіктері таныстырылды. Олар халық пен бизнестің ыңғайлылығына, сондай-ақ мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігіне бағытталған.

ҚОҒАМДАҒЫ ЖАҢА ЭТИКА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың ресми Telegram-арнасы хабарлады.

Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сарапшылар мен қоғам қайраткерлері ішкі саясат саласында жүргізіліп жатқан барлық жұмысты реттейтін бірыңғай тұжырымдамалық құжат әзірлеуді ұсынған еді. Президент бұл идеяны қолдап, оның мемлекеттік құрылымдар жұмысын жүйелендіруге бағытталуы керек екенін атап өткен болатын.

Президент Әкімшілігі мен мүдделі мемлекеттік органдар Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын, сөйлеген сөздерін, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын негізге ала отырып, «Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» құжатын дайындады.

Тұжырымдамалық құжатты әзірлеуге Ұлттық құрылтайдың мүшелері, сарапшылар, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері белсене атсалысты. Аталған құжат бірінші кезекте мемлекеттік органдарға арналған. Оның басты мақсаты – ішкі саясат саласындағы жұмысты жүйелеу әрі үйлестіру. Онда «Заң және тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Түрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» секілді ішкі саясат қағидаттары қамтылған. Сондай-ақ Ұлттық құрылтай отырыстарында көтерілген жалпыұлттық құндылықтардың тізбесі енгізілді. Жалпыұлттық бірегейлікті танытатын ұлттық нышандар жүйесі жасалды. Құжатта қоғамдық диалог, этносаралық қатынас, дін, мәдени-гуманитарлық, отбасы, жастар, ақпарат секілді ішкі саясаттың басым бағыттары айқындалған. Қабылданған тұжырымдамалық құжат мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыруға негіз болады.

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бірінші оқылымда мақұлданды.

67 МЛН ТЕЛЕФОН ҚОҢЫРАУЫ БҰҒАТТАЛҒАН

Заң жобаларын талқылау барысында Мәжіліс депутаты Асхат Рақымжанов Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің орынбасары Ростислав Конюшкинге мынадай сұрақ қойды: «Еліміздің халқы күн сайын қарапайым телефон арқылы алаяқтардың құрбанына айналып жатыр. Жақында өткен Үкімет сағатында Ішкі істер министрлігі биылғы тоғыз айда 67 млн осындай телефон қоңырауы бұғатталғанын хабарлады. Бұл ретте бір адамға орта есеппен үш-төрт рет қоңырау шалынады екен. Осы жазда ұялы байланыс операторларына белгілі бір жауапкершіліктер жүктейтін бірқатар түзетулер қабылданды, оның ішінде SIM-картаны тіркеу кезінде биометриялық растау бар. Біріншіден, қазір рұқсат етілмеген трафикті бұғаттау және SIM-картаны тіркеу үшін биометриялық тексеруді енгізу бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Неліктен қазақстандық нөмірлерден алаяқтар қоңырау шалуды жалғастырып жатыр?».

Құзырлы ведомство өкілі алаяқтық әрекеттер аясында жеке адамдарға бағытталған қоңыраулар негізінен әлеуметтік желілер мен WhatsApp және Telegram сияқты жедел хабар алмасу қосымшалары арқылы жасалатынын айтты.

«Бұл тұрғыда SIM-картасыз есептік жазбаны тіркеуге болады. Ал трафикті бұғаттау мен биометриялық сәйкестендіруді жүзеге асыруға қатысты ұялы байланыс операторларының биометриканы енгізу ережелері қабылданды. Бұл құралдар қазір іске асырылып жатыр. Телефон нөмірі кімге тиесілі екенін растай отырып, нақты адамдарға тіркелген SIM-карталар саны азаяды деп ойлаймыз. Сонымен қатар Мәжілістегі жұмыс тобы аясында заң жобасы бойынша қажет ұсыныстарды қарастыруға дайынбыз» деп түсіндірді мәселені вице-министр.

Осы сұрақтың жауабын толықтырған Ұлттық банк төрағасының орынбасары Берік Шолпанқұлов шілдеде қабылданған түзетулер аясында ұялы байланыс операторлары 2026 жылдың 2 қаңтарынан бастап Антифрод орталығы аясында қызмет көрсететінін айтты.

«Олар автоматты режимде алаяқтық әрекеттер туралы ақпарат алмасуды орнатады. Әрине, жауапкершілікті арттырудың негізгі мәселесі аясында жаңа ұсыныстарды қарастыруға дайынбыз» деді ҰБ өкілі.

2024 жылы тамыз айында Ұлттық банк алаяқтыққа тән транзакциялар туралы дерек алмасатын Антифрод орталықты іске қосқаны мәлім.

ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ ТӨМЕНДЕЙ МЕ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ипотекалық және тұтынушылық несиелердің мөлшерлемелерін төмендететін жаңа әдістемелер әзірлейді. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова мәлімдеді. Банк қызметіне қатысты құжатқа түзетулерді талқылау барысында депутат Тілектес Адамбаев өткен заңдарда тұтынушылық несие мөлшерлемелерін 46 пайызға, ал ипотека мөлшерін 25 пайызға дейін төмендетуге қол жеткізілгенін атап өтті.

«Тұтынушылық несиелер бойынша жылдық мөлшерлемені 35 пайызға дейін, ал ипотека бойынша 25 пайызға дейін төмендету мәселесін қарастыруды ойламайсыз ба?» деп сұрады ол агенттік басшысынан.

Сауалға жауап берген Мәдина Әбілқасымова өткен жылы жылдық тиімді мөлшерлемелердің бәрі төмендетілгенін айтты.

«Кепілсіз тұтынушылық несие бойынша мөлшерлеме 56-дан 46 пайызға, ипотекалық несие бойынша мөлшерлеме 30-дан 25 пайызға, ал кепілді несиелер бойынша мөлшерлеме 40-тан 35 пайызға дейін төмендетілді. Биыл ипотекалық несие бойынша мөлшерлемені одан әрі 20 пайызға дейін төмендеттік. Бірақ қазан айында Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 18 пайызға дейін көтерді. Сол себепті банктердің көбі ипотекалық несиені тоқтатты. Сондықтан бұл норманы қолдануды 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін тоқтаттық. Оған дейін Ұлттық банкпен бірлесіп, жаңа әдістеме әзірлейміз. Жаңа әдістеме бастапқы жарнаның көлеміне байланысты болады және сараланған мөлшерлеме бекітіледі. Тұтынушылық несие бойынша тура сондай жұмыс істейміз. Қазір тұтынушылық несие бойынша орташа мөлшерлеме 35-36 пайыз көлемінде белгіленген. Біздің ойымызша, жаңа әдістеме әзірлегеннен кейін бәсекелестік болып, мөлшерлеме төмендеуі тиіс» деп жауап қайтарды агенттік басшысы.

БІРЫҢҒАЙ ОФИС ҚҰРЫЛМАҚ

Банк өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғау үшін дауларды сотқа дейін реттеудің үш деңгейлі жүйесі енгізіледі. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында банк қызметі туралы заң жобасын таныстырған Мәдина Әбілқасымова мәлім етті.

«Заң жобасы аясында тәуекелге бағдарлану қағидаттарында іс-қимылды қадағалаудың толыққанды моделін енгізу көзделген. Жаңа модель іс-қимыл тәуекелдерін басқару жүйесін құруды көздейді. Оған іс-қимыл тәуекелдерін басқару стратегиясы, қаржы өнімдерін бағалау бойынша тәуелсіз бөлімшелер құру, қаржы өнімдерін басқару бойынша, қаржы өнімдері туралы тұтынушыларға толық және шынайы ақпаратты жеткізу бойынша қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар, сондай-ақ тұтынушылардан кері байланысты талдау кіреді» деді агенттік басшысы.

ЕЛ МҮДДЕСІ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда шаһар тұрғындарының өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды әлеуметтік мәселелер қаралды. Қоғамдық кеңестің әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия төрағасы, академик Кәрімбек Құрманәлиевтің төрағалығымен өткен кеңес күн тәртібінде инклюзивті білім беру жүйесі, тұрғынжайды реновациялау, қолжетімді орта қалыптастыру және мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалау тәртібі секілді қаланың әлеуметтік-саяси дамуына бағытталған 9 мәселе талқыланды.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Алғашқы болып сөз алған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев инклюзивті білім беру жағдайы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін қолдау туралы баяндады. Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыстың негіздері таныстырылып, білім беру саласындағы жаңашылдықтар туралы ақпарат берілді.

«Келешекте әрбір мектепте инклюзиялық қолдау орталығы ашылады. Біз мұнымен біршама балаға мүмкіндік бере аламыз. Дегенмен халықаралық сарапшылар бұл жүйеге тағы да өзгерістер керек екенін айтуда. Олар балаларды сау және науқас деп бөлуге қатысты уәж айтты. Алдағы уақытта осыны біржақты шешуіміз керек» деді бұл туралы Қ.Сенғазыев.

Қаладағы тұрғын үй қоры мен әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер бар. Бұл туралы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов баяндамасында айтылды. Атап айтқанда, 2030 жылға дейінгі тұрғынжайды реновациялау бағдарламасы, тұрғын үй сертификатының мөлшерін анықтау және лифтілерді ауыстыруға кеткен қаражатты қайтару тетіктері талқыланды.

Коммуналдық және инфрақұрылымдық салалар да назардан тыс қалған жоқ. Коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Сыздықов қаладағы ирригация және дренаж жүйелерін пайдалану қағидаларын таныстырып, олардың маңызын атап өтті.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Ерлан Жүсіпов Астанада қолжетімді орта құруда жасалып жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Қоғамдық кеңес отырысы барысында қалалық әкімдік қызметінің тиімділігін арттыру да сөз болды. Әкім аппараты басшысының орынбасары Тимур Мусин «Б» корпусы мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін ұсынды, бұл мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған.

Кеңес мүшелері талқыланған мәселелер бойынша нақты сұрақтар қойып, ұсыныстарын білдірді. Қоғам мүддесіне сай шешімдер қабылдау бағытында жүйелі жұмыс жалғасатыны айтылды.

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Астана – есірткісіз қала» акциясы Астана қаласы Полиция департаментінің және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен өтті.

АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА

Акцияға департамент жанындағы есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі кеңес мүшелері, Сергей Цирюльников, Рүстем Жантенов, Нұрдәулет Шертім, Нұргелді Кердеш және өзге блогерлер, қоғам белсенділері қатысты. Кездесуде студенттерге есірткіге тәуелділіктің пайда болу себептері мен салдары туралы ақпарат берілді, әлеуметтік бейнероликтер көрсетілді. Спикерлер жастарды салауатты өмір салтын таңдап, есірткіден сақтануға шақырды.

Полиция департаментінің мәліметінше, акция жастар арасында есірткіге қарсы тұрақты қоғамдық иммунитет қалыптастыруға бағытталған. Жыл басынан бері кеңес мүшелерінің қатысуымен 600-ден астам профилактикалық іс-шара өтті, еріктілердің қатысуымен қала аумағынан 2500-ден астам наркограффити жойылды. Полиция өкілдері есірткі қылмысының алдын алу бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін еске салды.



ТАНЫМ. ТӘРБИЕ. ТАҒЫЛЫМ

Бас қалада алғаш рет мектеп басшыларынан құралған республикалық педагогикалық хакатон өтті. «Таным. Тәрбие. Тағылым» атты ауқымды іс-шараны Астана қаласының Білім басқармасы, Әдістемелік орталық, Астана қаласы әкімдігінің І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы және «Unit LLC» ЖШС бірлесіп ұйымдастырды. «Unit LLC» ЖШС директоры Айдос Жұманазар демеушілік жасады.



Педагогикалық хакатонның басты мақсаты – білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті мәселелерін шешу, білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын нығайту және тиімді тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау. Биылғы шараның ерекшелігі – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына негізделуінде және қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналуында.

Педагогикалық хакатон бірнеше бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Шабыт» жобасы аясында І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясының жас талантты оқушыларынан құралған «Құлагер» театрының «Абай-Тоғжан» драмалық қойылымымен басталды. Келер ұрпақтың дүниетанымына, адамгершілігіне және руханилығына әсер еткен, Абайдың жастық шағына негізделген, ұлы ақынның жастық оты жанған оқушылардың талантына жиналған қауым ерекше ықылас білдірді.

Додаға еліміздің 23 өңірінен командалар қатысып, олардың арасынан Астана, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе және Абай облыстарынан келген 10 команда екінші кезеңге жолдама алған еді. Соңғы нәтижеде үздік деп «Jana толқын» командасы (Астана қаласы), І дәрежелі дипломмен «Qazaq Mind» командасы (Маңғыстау облысы), ІІ дәрежелі дипломмен «Save bala» командасы (Ақтөбе қаласы), ІІІ дәрежелі дипломмен «L-Art» командасы (Қарағанды қаласы) марапатталды.

Іс-шара барысында қатысушылар білім жүйесінің түйткілді тұстарын анықтап, мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасындағы ынтымақтастықты арттыру тетіктерін талқылады. Сондай-ақ адамгершілік, рухани және отбасылық құндылықтарды дәріптеу мәселесіне назар аударылды. Педагогикалық хакатонның екінші бөлімі І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназияда жалғасады.

Алтынгүл ОНОР

ВАНДАЛДАР ЖАЗАЛАНДЫ

Жыл басынан бері елордада вандализм бойынша шамамен 230 құқық бұзушылық тіркелді. Құқық қорғау органдары оларды анықтап, жауапкершілікке тартуда. Осылайша, елордалық полицейлер қоғамдық тәртіпті бұзу және бөтеннің мүлкіне зиян келтіру фактісін анықтады.

51 жастағы ер адам Абылай хан даңғылындағы тұрғын үйдің жанында орналасқан полиция бекетінің терезесін сындырған. Тексеру барысында азаматтың әдейі сындырғаны белгілі болды. Ол қолға түсіп, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 147-1-бабы 1-бөлігі бойынша жауапқа тартылды, іс материалдары Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жолданды. Тағы бір жағдай, әлеуметтік желілерді мониторингілеу барысында полиция қызметкерлері елордалық сауда, ойын-сауық орталықтарының бірінің аумағында жартылай жалаңаш күйде жүгіріп, жұрттың назарын аударып, қоғамдық тәртіпті бұзған ер адамның видеожазбасын анықтады. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 26 жастағы құқық бұзушының кім екені анықталды. Оған ұсақ бұзақылық бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Сот шешімімен ол 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

Еске салайық, «Заң және тәртіп» бастамасы аясында қалалық прокуратура Полиция департаментімен бірлесіп, вандализмнің алдын алу және оған қарсы күресті жүргізіп келеді. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру 60 АЕК-ке дейінгі айыппұл немесе 30 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу түрінде жаза қолданылады. Сондай-ақ Астанада волонтерлер, белсенділер, танымал спортшылар мен қала тұрғындарының қолдауымен «Стоп, вандал!» акциясы аясында профилактикалық жұмыстар белсенді жүргізілуде.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ ҚАЛЫПТЫ

Елордада коммуналдық қызметтер күшейтілген жұмыс тәртібіне көшті. Қар күреу жұмысына жүздеген арнайы техника мен жол жұмысшылары жұмылдырылды.

Мәселен, 4 қараша күні қала аумағынан мың текше метрден астам қар шығарылған (86 жүк көлігі). 5 қарашаға қараған түні қар күреу жұмысына 374 арнайы техника мен 234 жол жұмысшысы қатысты.

Қала әкімдігінің хабарлауынша, ең алдымен, негізгі көше магистралдары мен қоғамдық көлік жүретін бағыттар тазаланады. Кейін тазалау жұмысы қозғалыс қарқыны орташа учаскелерде – аулаларда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда жүргізіледі.

Астана билігі қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен жаяу жүргінші аймақтарында барынша абай болуға, ауа райы нашарлаған жағдайда алыс жолға шықпауға шақырады.



№131 (4875) 06/11/2025 Бейсенбі

АСТАНАНЫ ГАЗДАНДЫРУ: ЕКІНШІ КЕЗЕҢ АЯҚТАЛДЫ

Елордада және қала маңындағы тұрғын алаптарда сан мың отбасының өмір сүру сапасын өзгертетін жоба – тұрғын аудандарды газдандыру белсенді жалғасуда. Оны жүзеге асыру барысы туралы «QazaqGaz Aimaq» АҚ өндіріс-техника департаментінің директоры Асқар ҚОНАҚБАЕВ айтып берді.



– Асқар Нұрмұханбетұлы, бүгінгі таңда газдандыру қалай жүзеге асып жатыр? Ағымдағы жұмыс кезеңі қандай аудандар мен қала маңындағы тұрғын алаптарды қамтыды?

– Астананы газдандыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда және үш кезекке бөлінген. Бірінші және екінші кезектер толығымен аяқталды. Бүгінгі таңда көгілдір отынға 12293 абонент қол жеткізді. 12293 абонентке газ тарату желілеріне қосылудың техникалық шарттары берілді, оның ішінде 11905 үй газға қосылды.

Қазіргі уақытта Көктал, Көктал-2, Күйгенжар, Агроқалашық, Железнодорожный, Промышленный, Интернациональный тұрғын алаптарына, Оңтүстік-шығыс шағын ауданының оң және сол жақтарына, сондай-ақ Г.Потанин көшесі ауданындағы қаланың ескі бөлігіне, Үркер, Family Village және Тельман тұрғын аудандарына газ берілді. Сондай-ақ №1 ЖЭО, №2 ЖЭО, №3 ЖЭО, «Оңтүстік-шығыс» және «Тұран» жылу станциялары көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар сағатына 83365 текше метр газ шығыны бар «Тельман» жылу станциясына жеткізу желілері салынды. Нысанның бүгінгі дайындығы шамамен 50%-ды құрайды, құрылыс-монтаждау жұмысын 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Астана өндірістік филиалының (Тельман тұрғын алабын қоса алғанда) пайдалануында 742 км газ құбыры, 26 газ тарату пункті, 57 шкафты газ реттеу пункті және 282 шкаф аспабы бар.

Газдандырудың үшінші кезеңі 2025-2026 жылдарға жоспарланған. Жобаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен, сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен көзделеді. Атап айтқанда, Family Village тұрғын алабында газ 2025 жылдың 25 қаңтарында іске қосылды. 8,7 км газ құбыры мен 277 шкаф пайдалануға берілді. 482 тұрғын үй табиғи газға қол жеткізді. Тапсырыс беруші – қала әкімдігі.

Тельман тұрғын алабында газ 2025 жылдың 22 қазанында іске қосылды. Мұндағы газдандыру екі іске қосу кешеніне бөлінген. Біріншісі – әкімдік немесе Астана қаласы Энергетика басқармасының күшімен салынған ұзындығы 6,8 км газ құбыры, екіншісі – «QazaqGaz Aimaq» АҚ филиалының инвестиция бағдарламасы шеңберінде орнатылған орамішілік желілер. Инвестициялардың жалпы сомасы 394 млн теңгені құрады, 14,6 км төмен қысымды газ құбыры салынды, 308 үй газға қосылды.

Шұбар тұрғын алабында газдандыру 5 іске қосу кешеніне бөлінген. Мұнда 7,7 шақырым газ құбыры тартылып, 4 газ реттеу шкафы орнатылды. Қазір қысу және үрлеу жұмыстары жүргізілуде. Ұзындығы 31 км болатын кварталішілік желілер де салынды. Тапсырыс беруші – Астана қаласының Энергетика басқармасы. Газ 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Кирпичный тұрғын алабында құрылыс-монтаж жұмысы жалғасуда. Жоспарланған 16,8 шақырымның 16,5 шақырымы салынды, газ 2025 жылдың соңында пайдалануға беріледі.

Үркер тұрғын алабында газдандыруды жеке инвестор «QazaqJylu» ЖШС жүзеге асырады. 1000-ға жуық жеке үй (2024 жылдың қараша айының соңында) өз қаражаты есебінен табиғи газға қосылған. Қалған желілердің құрылысын 2025-2026 жылдары аяқтау жоспарланып отыр.

Өндіріс тұрғын алабында да жобаны осы компания жүзеге асырады. Барлық жұмыс өз қаражаты есебінен осы кезеңде аяқталады деп күтілуде.

Пригородный және Garden Village тұрғын алаптарында жобалық құжаттаманы әзірлеу 2026 жылға, ал қаржыландыру бөлінген жағдайда оны жүзеге асыру 2027 жылға жоспарланған. Сонымен қатар 2025 жылдың ақпан айында газдың жалпы шығыны сағатына 48914 текше метр болатын №7 және №8 станциялардың су жылыту қазандықтарының газ тарату жүйесіне қосылуға техникалық шарттар берілді. Бұл станцияларда су жылыту қазандықтарын орната отырып, «Астана-Энергия»АҚ №2 ЖЭО-ның су жылыту қазандығын кеңейту және реконструкциялау» жобасының құрылыс-монтаждау жұмысы қаржыландыру болған жағдайда 2026 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланды, ол құрылыстың нормативтік кестесі бекітілгеннен кейін айқындалады.

– Жалпы газ жабдықтары дегеніміз не?

– Егер 2025 жылдың қаңтарында іске қосылған Family Village-ді алсақ, онда 8,7 шақырым газ құбыры және 277 жеке шкаф пайдалануға берілді делік. Жеке шкафтар – бұл кезең-кезеңімен жүретін газдандыру жүйесінің бөлігі. Жалпы үш сатылы және екі сатылы газдандыру бар.

Астана туралы айтсақ, мұнда газдандыру үш сатылы жүйе бойынша жүзеге асырылды. Газ магистралдан жоғары қысыммен келеді, одан кейін газ реттеу пункттері арқылы қысым орташа деңгейге дейін төмендейді, содан соң шкаф пункттері арқылы абонент тұтынатын жерге дейін жетеді. Электр желісі де осылай: жоғары вольтты желі бар, содан кейін трансформаторлар оны үйге әдеттегі 220 вольтқа дейін төмендетеді. Тек принцип екеуінде де бірдей – қауіпсіз пайдалану үшін қысымды біртіндеп төмендету.

Family Village екі сатылы жүйені қолданады. Газ реттегіш блок пункті арқылы жоғары қысымды газ орташа деңгейге дейін төмендейді және әрбір абонентке келіп жетеді. Әр үйде жеке шкаф бөлмесі бар, одан төмен қысымды газ шығады. Бір шкаф 200-300 үйді қамтамасыз ете алатын Астанамен салыстырсақ, мұнда әр үйдің өз шкафы болады. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, газ беруді тез тоқтатуға мүмкіндік беретін бекіту арматурасы бар. Жалпы жүйе бас автоматты газ тарату станциялары арқылы жұмыс істейді. Астанада осындай 2 станция салынды. Магистралдық газ құбырынан газ автоматты газ тарату станциясына түседі, онда қысым 55 кгс/шаршы см-ден 12 кгс/шаршы см-ге дейін төмендейді, содан кейін қалалық желілерге таратылады. Әрі қарай қысым біртіндеп 6 кгс/шаршы метрге дейін, тұрмыста пайдалануға жарамды 3 кгс/шаршы см-ге дейін және одан да төмендейді. Мысалы, Агроқалашықты алайық. Мұнда газ жоғары қысыммен келеді, бас газ тарату пункті орнатылады, ол газды жоба бойынша орналасқан шкафтарға таратады, содан кейін газ үйлерге беріледі. Барлығы қауіпсіздікті ескере отырып жасалады. Жыл басынан бастап техникалық қызмет көрсету кестесі бекітіліп, көгілдір отынның ағып кетуін бақылау үшін күн сайын дерлік тексеру жүргізіледі. Егер газ ағып кетсе, учаске ажыратылады және жөндеу жүргізіледі. Бірақ бұл кезде абоненттер газсыз қалмайды: сақина жүйесінің арқасында олар көрші шкафқа қосылады. Яғни техникалық жұмыс кезінде де газбен жабдықтау үздіксіз жалғасады. Абоненттерге газ жеткізілгенге дейін тазартудың бірнеше кезеңінен өтеді. Әр кезеңде газды ірі және ұсақ қоспалардан тазартатын сүзгілер орнатылады. Сондай-ақ газ автоматты газ тарату станцияларында кептіру кезеңінен өтеді. Осылайша, газбен жабдықтау сенімді және қауіпсіз болады.



– Ал газ Астанаға қайдан келеді?

– Астана 2019 жылы салынған және пайдалануға берілген «Сарыарқа» магистралдық газ құбырынан табиғи газбен қамтамасыз етіледі. Өз кезегінде «Сарыарқа» газ құбыры «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистраліне қосылған. Осы құрылыс жобасын іске асырудың нәтижесінде Астана, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының және магистралдық газ құбыры трассасының бойындағы елді мекендердің халқы табиғи газбен қамтамасыз етілді.

– Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге газ қосуда қандай да бір жеңілдіктер немесе субсидиялау бағдарламалары қарастырылған ба?

– Астанада халықтың газға көшуін жеңілдету үшін бірқатар іс-шара қабылданды. Біріншіден, техникалық шарттарды алуға өтінім берудегі құжаттар тізбесі қысқарды. Екіншіден, әкімдік әлеуметтік осал топтағы азаматтарға 130 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өтемақы ұсынады. Екінші деңгейлі банктер мұндай абоненттерге пайызсыз бөліп төлеуді қарастырып отыр. АӘК бағдарламасына енген халық үшін газ тарифтерін төмендету көзделген. Мысалы, егер қарапайым тұрғындар үшін тариф текше метрге 43,1 теңгені құраса, АӘК қатысушылары үшін ол 32,3 теңгеге дейін төмендеді. Осылайша, мемлекет газбен жылытуға көшу кезінде әлеуметтік осал санаттарға қолжетімділік пен қолдауды қамтамасыз етеді.

– Техникалық дайындық туралы айтып берсеңіз. Жалпы газ қазандығын орнатуға арналған бөлме қандай болуы керек?

– Адам техникалық шарттарды алғаннан кейін тұрғын үйді газдандырудың жұмыс жобасын әзірлеу үшін жобалаушыға хабарласады. Жобалаушы – бұл қолданыстағы талаптарды басшылыққа ала отырып, үйді газдандыру жобасын жасайтын компания немесе маман. Мысалы, шағын көлемді жылыту қазандықтарын жеке тұрған ғимараттарда, негізгі ғимаратқа жапсарлас және кіріктірілген үй-жайларда орналастыруға болады, бір үй-жайда газ тәріздес отынмен екіден аспайтын шағын көлемді жылыту қазандықтарын орнатуға рұқсат етіледі. Шағын көлемді жылыту қазандықтары берік жанбайтын іргетастарға орнатылуы тиіс, олардың биіктігі кемінде 2,2 метр және көлемі тұрғын үйлер үшін кемінде 7 текше метр болуы керек.

Тұрғын үйлерде газ плитасы биіктігі кемінде 2,2 метр болатын асүйде орнатылады, фрамугасы немесе ашылатын жапқышы бар терезесі және желдеткіш арнасы мен сыртқа ашылатын есігі бар 4 оттыққа арналған плиталар көлемі кемінде 15 текше метр болады. 12 текше метрге 3 оттыққа арналған плиталар, 8 текше метрге 2 оттыққа арналған плиталар асүйде орнатылады. Жуынатын бөлмелерде, санитарлық тораптарда немесе асүйге бейімделген үй-жайларда, табиғи жарықсыз дәліздерде газ аспаптарын орнатуға болмайды. Газ жабдығы орнатылатын үй-жайлар газдануды бақылау сигнализаторымен, яғни дыбыс және жарық сигналдарын беруді, сондай-ақ үй-жай ауасындағы газдың бақыланатын шоғырлануының белгіленген деңгейіне жеткен кезде газ тұтыну желісінің ішкі газ құбырында газ беруді автоматты түрде өшіруді қамтамасыз ететін құрылғымен жарақтандырылады. Бұл ретте мұржа мен желдету каналына техникалық қызмет көрсетуге ерекше назар аудару керек, мұржаның тартылуын үнемі тексеріп отырған жөн.

– Халық арасында қандай ақпараттық жұмыс жүргізілуде?

– Газды пайдалану кезінде қауіпсіздікті сақтау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы үнемі ақпараттық науқан жүргізіледі. Қалалық әкімдіктермен бірлесіп бейнероликтер дайындалып, жергілікті арналарда көрсетіледі. Бұл роликтердің негізгі мақсаты – халықты тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану туралы хабардар ету.

ТЖД және әкімдікпен бірлесіп аулаларды аралап, мамандар тұрғындарға түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырады, жабдықтарды тексеріп, техникалық қызмет көрсету сапасын бағалайды. Әрбір абонент газға қосыла отырып, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсететін компаниямен шарт жасасуға міндетті. Бұл сіздің плитаңызға, қазандыққа, газ құбырына қосылу нүктесінен газ тұтыну жүйелеріне дейін қатысты. Барлық жабдыққа жыл сайын қызмет көрсету керек. Егер абонентте қолданыстағы қызмет көрсету шарты болмаса, оның газы өшіріледі. Биыл келісімшартсыз 129 абонент анықталып, оларды жазғы, жылытылмайтын маусымда өшірді.

Газ қосылған кезде барлық жабдықтың дұрыс және құжаттаманың талапқа сай екеніне көз жеткізу үшін әкімдікпен бірлесіп жүйелі түрде рейд жүргізіледі. Келісімшарт жасау үшін абонемент компанияны өзі таңдайды.

– Газды бірден өшіре ме, әлде тұрғындарға біраз уақыт беріле ме?

– Алдымен хабарлама жіберіледі, содан кейін белгілі бір уақыт ішінде, егер бұл абонент анықталған сәйкессіздіктерді жоймаса, біз оны газдан ажыратамыз. Бұл, ең алдымен, қауіпсіздік үшін жасалады.

– Кәсіпорындарды, ШОБ объектілерін газдандыру жоспарларыңызда бар ма?

– Өнеркәсіп кәсіпорындары алдымен техникалық шарттарды алу үшін біздің ұйымға жүгінеді. Сосын абонент жобаны әзірлейтін және құрылыс-монтаж жұмысын орындайтын компаниямен шарт жасасады. Құрылыс-монтаж жұмысы аяқталғаннан кейін ол бізге қызметтерді алуға дайын екені туралы хабарлайды. Біздің қызметкерлер газбен жабдықтау объектісінің берілген техникалық шарттарға сәйкестігін тексереді.

– Бұл салаға мамандар қалай дайындалады? Жалпы мамандар жеткілікті ме?

– Біздің сала үшін негізгі кадрларды техникалық мамандықтар – мұнай-газ, мұнай-химия бағыттары бойынша оқытатын университеттер мен колледждер дайындайды. Газдандыруды үйрететін жеке мамандандырылған оқу орындары жоқ, бірақ мамандар базалық білім алады. Жұмысқа орналасқаннан кейін қызметкерлер жыл сайын білігін арттырудан, өнеркәсіп қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өтеді. Яғни олар жоғары оқу орындарында бастауыш білім алады, ал біздің кәсіпорында практикалық дағдыларды меңгереді. Дегенмен салада кадр тапшылығы бар. Сондықтан осы салада еңбек еткісі келетін ынталы мамандарға біздің есігіміз әрқашан да ашық.

Екатерина ТЫЩЕНКО

Газдың ағып кетуіне күдік туындаған кезде не істеу керек, қайда барған жөн?

ГАЗДЫҢ АҒУЫ АНЫҚТАЛҒАН КЕЗДЕ:

– 1104 немесе 8-705-597-02-04 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы апаттық-диспетчерлік қызметті дереу шақырыңыз;

– мүмкін болса, газ беруді тоқтатыңыз;

– терезелер мен есіктерді ашып, бөлмелерді желдетіңіз;

– бөлмеде ашық жалын мен электр қуатын пайдаланбаңыз (шамдар мен тұрмыс техникасын қоспаңыз/өшірмеңіз – ұшқын газ-ауа қоспасының соғуына әкелуі мүмкін);

– қауіпті аймақтан шығып, апатты-диспетчерлік қызмет бригадасын күтіңіз.

№131 (4875) 06/11/2025 Бейсенбі



Соңғы кезде әлеуметтік желілерде мектеп оқушыларының, тіпті соның ішінде қыз балалардың бір-бірімен төбелесіп жатқан видеолары тарауда. Мұндай көріністерді көрген жұрт жағасын ұстап, «бұл не деген көргенсіздік!» деп таңғалса, енді бірі бәрі ата-ананың тәрбиесінен, бақылаусыз қалған баладан дейді, тағы бірі «санасына бермеген баладан сақта» деп қоғамның рухани ахуалына алаңдаушылық білдіріп, желідегі жұрт желіндегі сүт ірігендей дүрлігісіп-ақ қалады.

БАЛАЛАР НЕГЕ ҚАТЫГЕЗ?

Шапағат ӘБДІР

Ашық ақпарат көздерінің дерегіне сүйенсек, елімізде 7 млн-нан аса бала бар. Оның 4 млн-ға жуығы мектепте оқиды, 1 млн аса бүлдіршін балабақшаға барады. Тағы 556 мыңы колледжде білім алуда. Алайда былтыр 2 мыңға жуық жасөспірім қылмыс жасаған. Ал биыл алғашқы алты айда құқық бұзғандардың саны мыңнан асып жығылған. Оның көбі – 14 пен 18 жас арасындағылар. Айналып келгенде, адамның бір-біріне күш көрсетуі, қорлау, ұру немесе мазақ ету – бәрі де қатыгездіктің белгісі. «Бұл қатыгездік қайдан пайда болады?» деген сұрақтың төңірегінде айналамыздан жауап іздеп көрдік. Өйткені бұл – тек мектептің немесе ата-ананың емес, тұтас қоғамның жауапкершілігінің таразысы.

БАЛАНЫ ТЫҢДАЙ БІЛІҢІЗ

– Қатыгездік баланың ішкі жанайқайынан туындайды. Өзін түсінбеген, ішкі ауыр сезімін жеткізе алмаған бала сол эмоцияны қатыгездік арқылы сыртқа шығарады. Мұндай жағдайда ең бастысы – оны жазалау емес, керісінше, тыңдап, түсінуге тырысу. Балаға қолдау көрсету, оның сезімін мойындау және шешімді бірге қабылдау маңызды. Өкінішке қарай, біз көбіне бір-бірімізді тыңдауға мән бермейміз. Әркім өзінің ғана қағидасын дұрыс санап, өзгеге құлақ асуға құлықсыз. Қатыгездіктің тамыры көбіне бала күнгі махаббаттың жетіспеуінен басталады. Дегенмен қазіргі заманның балалары махаббатсыз емес. Керісінше, ата-анасының сүйіспеншілігін де, көңілін де молынан көреді. Бірақ осының салдарынан олар тек алуды үйреніп, өзгеге беруді, бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Мысалы, бүгінгі жастардың автобустарда үлкендерге орын бермеуі жиілеп кетті. Бұл – жай ғана әдепсіздік емес, балаға тым көп мақтау айтып, шектен тыс әлпештеудің нәтижесі. Өйткені баланы тек мақтап, қолпаштаумен ғана тәрбиелеуге болмайды. Оған мейірімділікті, өзгеге көңіл бөлуді, қамқорлық жасауды үйрету қажет. Әр бала «алуды» ғана емес, «беруді» де білуі тиіс. Осылайша, қатыгездіктің алдын алудың бір жолы – баланы тыңдай білу, онымен санасу, сондай-ақ мейірім мен жауапкершілікті бірге дарыту, – дейді Алматы ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы, психолог Нұргүл Талғатқызы.

ҚОЙДЫРА БІЛУДІҢ МАҢЫЗЫ

Үлкендеріміз бала тәрбиесіндегі басты кілт «қой!» деп айта білуде екенін алға тартады.

– Қазіргі ата-аналардың көпшілігі баласына «қой!» деп айтпайды. Байқасаңыз, бала жыласа да, біреудің затын сындырып жатса да, оған тыйым салмайтын ата-ана көбейіп келеді. «Ол әлі бала ғой, өсе келе өзі түсінеді» деген ойға сүйеніп, бәрін өз еркіне қоя береді. Әрине, бұл дұрыс тәрбие емес. Балаға дер кезінде «қой!» деп тоқтау айту, жақсы мен жаманды ажыратып үйрету – ата-ананың ең басты міндеті. Егер жаман қылығына тыйым салмаса, ол әдетке айналып кетеді. Бала өзін шектейтін шекараны білмей өседі. Ал еркіне жіберілген, бақылаусыз қалған бала мен ата-анасыз өскен баланың арасында айырмашылық аз. Өйткені тәрбиенің мәні – бағыт көрсету, дұрыс жолға салу. Сондықтан әр ата-ана баласына әдептілікті, ибаны үйретуі керек. Қате әрекет жасап жатса, оны қолдап, «балалық қой» деп ақтап алуға болмайды. Керісінше, қателігін түсіндіріп, қойдыру қажет. Сонда ғана бала дұрыс жолды ерте үйреніп, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады, – дейді астаналық зейнеткер Құралай Жапарқұлова.

КҮШ КӨРСЕТУ БАТЫРЛЫҚ ЕМЕС

Мұғалімдер баланың бойындағы қатыгездікке артық мақтаудың да қосатын үлесінің аз болмайтынын айтады және балаға батырлық пен біреуді басынудың аражігін ажыратып беру маңызды деп отыр.

– Бұрынғы бабаларымыз бен ата-апаларымыз баласын орынсыз емес, тек жақсы іспен көрінгенде ғана мақтап отырған. Олар баланың әр қадамын бақылап, дұрыс әрекетіне қуанып, терісін түзеп отырған. Сол заманда батырлықтың да мағынасы басқаша болатын. Батыр деген жай күшті адам емес, елге қорған болып, халыққа пайдасын тигізген, әділдігімен, қайсарлығымен танылған тұлға еді. Елдің тыныштығы мен бүтіндігін ойлаған адам ғана батыр атанатын. Ал қазір жағдай өзгерді. Өкінішке қарай, біреумен төбелесіп, ұрып-соғып немесе күш көрсету арқылы көзге түскендер батыр саналып жатады. Бұл – рухани құндылықтардың ауысуының, ұлттық идеологияның әлсіреуінің бір көрінісі. Шын мәніндегі батырлық – әлсізге қол ұшын беру, елін сүйіп, халықтың қамын ойлау, әділдік үшін күресу. Ал қазіргі ұрпақтың санасында батырлықтың мәні бұрмаланып бара жатса, ол – қоғам үшін үлкен қауіп. Сондықтан бүгінгі ата-ана да, ұстаз да, қоғам да балаларға батырлықтың шынайы мағынасын түсіндіруге міндетті. Батырлық – тек күш көрсетіп, қарсыласты жеңу емес, халықтың адамы болу, көпке қорған болу, өзгенің қайғысына ортақтасу, елдің амандығын ойлау. Жастайынан осы құндылықтарды бойына сіңірген бала ғана болашақта қатыгез емес, жүрегі мейірімге толы, жанашыр азамат болып өседі. Егер біз балаларға шынайы батырдың бейнесін көрсете білсек, олар күшін жамандыққа емес, жақсылыққа жұмсайды. Жауласуға емес, елін қорғауға, біреуді ұруға емес, әлсізді қорғауға ұмтылады. Бұл – ұлттық тәрбиенің өзегі, рухани құндылықтың тірегі. Сондықтан рухани идеологияны күшейтіп, жастарға батырлықтың шынайы мағынасын түсіндіру – ең басты міндеттердің бірі. Сонда ғана ұрпағымыз қатыгездікті мейірімге, тас жүректі жанашырлыққа көмкеріп өседі, – дейді Астана қаласы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей директоры Гүлжан Төлеу.

АТАМАН БОЛУ АБЫРОЙ МА?

Жалпы бала тәрбиесі – қай кезеңде де өте өзекті мәселе. Оның үстіне дәл қазіргідей баланы шеше емес, көше тәрбиелейтін заманда олардың ішкі жан дүниесіне үңілу – тікелей ата-анасының міндеті. Бұл жөнінде көпбалалы аналардың айтары да аз емес.

– Балалар қатыгездігі себептерінің бірі – өз сөзін тыңдата алмай, күш көрсетуге жүгінуінде. Кейбір жасөспірімдер мұны абыройлы іс деп қабылдап, өзін өзгелерден биік қоюға тырысады. «Мен басқаруым керек», «мен атаманмын» деген ойдың жетегінде кетіп, шын мәнінде, күшпен беделжинауды мәртебе санайды. Бұл – қате түсінік. Нағыз беделбіреуге үстемдік жасаудан емес, білім мен парасаттан туындайды. Сондықтан мектеп қабырғасында оқушыларға «атаман болу» немесе өзгеге күш көрсету мықтылықтың белгісі емес деп түсіндіру маңызды. Нағыз мықтылық – ғылымда, білімде жетістікке жету, жақсы мінез-құлық таныту, қоғамға пайда әкелетін іс тындыра білу. Осы бағытта педагогтар мен ата-аналардың бірлесіп жүргізетін жұмысы аса қажет. Әрбір балаға өз мүмкіндігін ашуға жағдай жасалып, жетістікке жетудің өркениетті жолдары көрсетілгенде ғана олар күш көрсетуге емес, ізденіске ұмтылады. Жас ұрпаққа «шын батырлық – озбырлықта емес, ақыл мен еңбекте» екенін санасына сіңірсек, қоғамда қайырымды, ойлы, өрелі тұлғалар өсіп шығады. Сондықтан біз болашақ үшін ең басты құндылық білім екенін әрдайым дәріптеуіміз қажет. Тек сонда ғана қатыгездіктің алдын алып, ізгі ойлы, парасатты ұрпақ тәрбиелей аламыз, – дейді астаналық көпбалалы ана Мөлдір Еркінқызы.

P.S: ***Қатыгез баладан жаны ашымайтын жеткіншек шығады. Жаны ашымайтын топ біртіндеп қаніпезер тобырға айналады. Ал қаніпезер тобыр – ақыры нацизмге ұрынған, өзге халықты менсінбейтін, мейірімнен айырылған ұлтты қалыптастырады. Сондай-ақ қатыгездік – адамның тасжүректілігінен емес, тәрбиесіздігінен қалыптасатын мінез. Сондықтан бүгінгі ең маңызды тәрбие де, ең шынайы білім де мейірім мектебін қалыптастырудан тұрғаны ләзім. Балаға жақсы оқуды, жақсы киінуді ғана емес, жақсы көруді, жақсы көмек беруді, жақсы сөз айтуды үйрету – бәріміздің борышымыз.***

МӘМС-тің МӘСЕЛЕСІ НЕДЕ?

> Сөз мемлекет тарапынан қаржыландырылатын тегін медициналық көмек және міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша азаматтарға көрсетілетін консультациялық-диагностикалық қызметтерді жүйелі түрде қолдан шектеу туралы болып отыр.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шындығында халыққа медициналық көмектің қолжетімділігі мен оның сапасын жақсарту мақсатында енгізілгені белгілі. Десе де денсаулық сақтау қызметінің құны соңғы үш жылда 2,8 есеге өскен. Ал азаматтардың ай сайынғы тұрақты жарналарына қарамастан, медициналық қызметтердің сапасы мен оған қолжетімділік 47%-ға дейін төмендеп кеткен.

Қазақстандықтардың наразылығын тудыратын негізгі мәселелердің бірі – МӘМС пакетіне кіретін қызметтер, оның ішінде дәрігерлік кеңестер, консультациялық-диагностикалық қызметтер қолдан, жасанды жолмен қиындатылып, тіпті шектелуде. Бұған азаматтар мен медициналық қауымдастықтардан келіп түскен хабарламалар дәлел бола алады. Атап айтқанда ПЦР, ИФА, КТ және МРТ сынды тексерулерді жасату үшін тұрғындар апталап, кейде бірнеше ай бойы кезек күтуге мәжбүр. Ал мұндай күрделі диагноздардың нәтижесі 10 күннен артыққа жарамайтыны тағы белгілі. Нәтиже сол, 10 күннен асып кетсе, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қорытындыны берген медициналық ұйымға айыппұл салуы да мүмкін. Бұл қаншалықты қисынды болмақ?

Азаматтарымыздың денсаулығын оңалту кезінде тіпті заң бұзушылықтар да орын алып отыр. Атап айтқанда, медициналық мекеменің мүмкіндігі бола тұра ұзақ күттіру, азаматтарды ақылы қызметтерге мәжбүрлі түрде жүгіндіру, қарапайым жолдама алу үшін де шамадан тыс бюрократиялық жағдай туғызу, кейде қажет емес мамандарға міндетті түрде жолдама беру принципі сақталып, пациентті таусылмайтын әуреге салу әдетке айналған. Бұл сырқат жанға ғана емес, дәрігерлерге де қосымша ауыртпалық түсіреді және уақытылы көмек көрсетуге кедергі келтірері анық.

«Мамандарға жазылу мүмкін емес, бірақ олардың жұмыс кестесінде бос уақыт көп» дейді шағымданушылар. Бұл олқылық неге жүйеленбей келеді?

Консультативтік-диагностикалық қызметтерге қолжетімділікті жүйелі шектеу медициналық қызметтер сапасының төмендеуіне ықпал етері



анық. Аса күрделі және жұқпалы аурулардың кеш диагностикалық анықталуы өмірге аса қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Бұл міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің беделін тіпті түсіру ғажап емес. Сондықтан осы айтылғандарға сүйене отырып, келесі ұсыныстарды қарастыруды сұраймын:

1. «Бүгін және қазір» қағидатына сай қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін көрсетілген қызметтерге негізделген төлемге көшуді қамтамасыз ету.

2. Медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегін өтеуді толық және уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз ету.

3. Саланы цифрландыруды және барлық медициналық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды күшейту.

4. Егер тағайындалған клиникада тиісті қызмет 10 күнтізбелік күн ішінде көрсетілмесе, кешенді медициналық көмек көрсетуді басқа медициналық ұйымға еш кедергісіз ауыстыру.

5. Пациент мемлекеттік клиникада қызмет ала алмаған жағдайда, жеке клиникада емделуге жіберу мүмкіндігін және осы пациентке Міндетті медициналық сақтандыру қорынан шығынды өтеу мүмкіндігін жүйелеуді қарастыру.

Бұл қағидаттар қазақстандықтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген селқос сенімін қалпына келтіруге ерекше ықпал етері сөзсіз.

Нұрлан ӘУЕСБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

№131 (4875) 06/11/2025 Бейсенбі

ОТЫРАРЛЫҚ ҒҰЛАМА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

(ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНАН ӨРБІГЕН ОЙ)



Осындай сауалдарға жауап іздегенде, біздің ой-қиялымыз шарықтап ұшып, орта ғасырларға қарай еріксіз «сапарлап» кетеді. Өйткені орта ғасырда ғұмыр кешкен атақты ғалым, әлемнің «екінші ұстазы» Әбу Насыр Мұхамед әл-Фарабидің көп трактаттарының ішінде адамның ақыл-ойы мен интеллектісіне арналған еңбектеріне ерекше ден қою талабы өзінен-өзі туындай бастады. Бабамыз интеллектінің адамзат қоғамына тигізер мол пайдасы барын сол кездерде-ақ шамалаған сыңайлы. Сосын да бірқатар трактатында интеллект жайында тоқтала сөз қозғаған, тереңнен ой түзген.

Ғылымның сан түрлі саласын оқып-үйрене жүріп, артына көнермес мол рухани мұра қалдырып кеткен Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби ат-Түрки жайлы осы кезге дейін аз жазылмаса да, жылдар өткен сайын әр қырынан тануға тағы да құштарлық байқалып отыр. Неге? Оның басты себебі – бабаның өз заманында «қолды» боп кеткен рухани мұраларының біртіндеп табылуы және айналымға қосылуы. Бұл бағытта әлем ғалымдарын былай қойғанда, қазақ оқымыстылары да соңғы жылдар бедерінде өнімді еңбек етіп келеді. Кезінде фарабитану ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Ақжан Машани, Ағын Қасымжанов, Құбығұл Жарықбаев, Ауданбек Көбесов, Әбсаттар Дербісәлі, т. б. ғалым-зерттеушілеріміз болса, осы сара жолды кейінгі буын ғалымдар да жалғастыра алды. Олардың ішінде Жақып Алтаев, Пірімбек Сүлейменов, Айдана Хаван, Гүлжиһан Нұрышева, т. б. бар. Бір шоғыр жас ізденушілер фарабитану мәселелерін тереңдеп зерделеп, ғылыми атақ алуға қам жасап жүргенін тағы да айта аламыз.

Отырарлық ойшылдың туған жері, өскен ортасы һәм алғашқы ғылым жолындағы қадамдары туралы келелі сөз қозғалып, көптеген дау-дамайға нүкте қойылған да сыңайлы. Көне Отырарда сауатын ашып, кейінірек осындағы шағын медреселердің біріне өзі де дәріс (А.Қасымжанов, М.Хайруллаев, Ә.Дербісәлі, т. б. жазбасында) бергені де енді ешқандай таласқа жол бермесе керек. Алайда артында қалған мол мұрасы – трактаттарының кейбірі «тартысқа» түсе беретіні де рас. Фараби-ғұламаның соңғы жылдарда ерекше атала бастаған еңбектерінің ішінде қайырымды қала туралы, мемлекеттік қайраткердің мінез-құлқы мен этикасы жайынан жазылған трактаттарымен қабат адамның ақыл-ойы мен парасаттылығы һәм интеллектісі жайындағы жазбалары маңызды орынға ие. Адам парасаты мен интеллектісі қай сала бойынша зерделенгені мақұл? Философиялық тұрғыдан ба, жоқ психологиялық тұрғыдан ба? Оның еңбектеріне назар аударсақ, бір байқалатыны – қайсыбір трактаттарын алсаңыз да, отырарлық ғалым грек ойшылы Аристотельге соқпай өтпейді. Мысалы, оның «Философияны үйренуге дейінгі алғышарттар туралы трактат» еңбегінде философияны меңгеруге дейін тоғыз түрлі әрекетті атап келеді де, бір тұсында «Философияның кемеліне жету мақсатындағы тұлғаның соған жету жолындағы» тынымсыз еңбегін атай отырып, бұл ретте кісінің интеллектісі атқаратын міндетті анықтап айтады.

Жалпы, Фараби-ғұлама адам мүмкіндігі мен өресі (интеллект) хақында бірнеше трактат тудырып, оны сол замандарда зиялылар назарына ұсынған екен. Солардың ішінде «Ақыл мен ғылым туралы», «Адамдардың танып-білуге ұмтылуы», «Интеллект сөзінің мәні туралы», «Дін туралы», «Жан туралы», т. б. секілді еңбектері ерекше орынға көтеріліп отыр.

Осынау бір шоғыр еңбектерін сөз ете отырып, біз ойшыл ғалымның интеллектіге қатысты ой-тұжырымдарына назар аударғымыз келеді. Интеллект деген не? Мұның шын анықтамасы бар ма?

Интеллект – адамның болмысты танып-білу жолындағы талпынысы. Кісі өзінің өресін, яғни интеллектісін көтере отырып, жан-жағында болып жатқан жағдаяттарға, өтіп жатқан оқиғаларға, іс-әрекеттерге баға беруге қауқарлы болады. Ортағасырлық ойшыл мұны өте жақсы түсінген және өзінің трактаттарында мейлінше тереңдете жазған. Айталық, адам интеллект арқылы «қоршаған ортаның заңдылықтарын меңгеруге және бағалауға қабілетті» бола алатынын атап көрсетеді. Сол заманның өзінде-ақ адам интеллектісі «барынша маңызды қызмет атқаратынын» еске сала отырып, оның болашақта дамитынын һәм жетілетінін де батыл болжағанын байқаймыз. Интеллект – негізінен алғанда, кемелденудің «негізгі көзі екенін» тілге тиектеген. Фараби жазады: «...адам ең жоғарғы кемелдікке жету үшін оның мінезі мен табиғаты және әрекеттерімен бірге тағы практикалық және теориялық ойлау күштері қажет...».

Осы ойды одан әрі тереңдетіп, өз жазбаларының тағы бір тұсында былай дейді: «...Егер адам өмірінің мақсаты бақытқа – ең жоғарғы кемелдікке – жету болса, онда ол қабілетіне сәйкес соған жетуіне көмегі тиетін нәрсенің бәрін алуы тиіс...».

Ортағасырлық ой жүйрігі өзінің «Адамдардың танып-білуге ұмтылуы» деген трактатында адамзатқа тән екі жағдайды көрсетеді. Олар: 1. Табиғаттың өзінен қабылдап алғаны; 2. Өз ойы мен қабілетіне сәйкес жинағаны. Осыны көрсете отырып, адам «табиғаттан алғанын өз ақыл-парасатымен (интеллектісімен) әрі қарай дамыта» алса, онда байланыс және клиенттерге қызмет көрсету; медициналық диагностика; білім саласын жетілдіру, т. б. Жасанды интеллект арқылы, әрине, жұмысты барынша автоматтандыру және оны жетілдіру үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашылады.

Жақында мынадай жағымды жаңалықты оқыдық. Қазіргі ғалымдардың тұжырымдауы бойынша – жасанды интеллектіні қолдана отырып, жер жүзіндегі екі мыңға жуық тілді «іске қоса» алатыны анықталған. Бір таңғаларлығы, сол екі мыңға жуық тілдердің арасында 10-15 қана тілдің табиғи тазалығы мен маңызын жоғалтпай, толық жеткізуге мүмкіндігі бар екенін ғалым-зерттеушілердің өзі мойындауда. Бастысы, сол санаулы тілдер тобында мына сіз бен біздің төл тіліміз – қазақ тілі бар болып шықты. Қазақ тілі жасанды интеллект қолданысында қате жібермейді, дұрыс сөйлейді, анық оқиды, таза жеткізе алады. Бұл қазақ тілінің болашағы зор екенін, өркениетке ілесіп, келер ғасырларға аяқ басарын мәлімдей алса керек. Бірақ бұл бағытта да ескеруге тиіс һәм ойланар тұстары бар. Айталық, жасанды интеллект тек адамзаттың асыл арманы, ізгі мұраты мен игілігіне жұмсалуы ләзім, басқалай «зиян тигізетін» шараларға (адамдар арасында текетірестер тудырмай, қарым-қатынасты шиеленістірмей, т. б.) қарай бұра тарту – өте қауіпті.

Біздің ғасыр ғылым мен техниканың кең дамыған ғасыры екеніне дау жоқ. Ал енді өміріміз бен тірлігімізге жасанды интеллект бойлап енер болса, оның мәні мен маңызын ерте кездеақ бағамдап, терең мағыналы трактаттар түзген Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби есімі де құрметпен аталып, әрдайым ескеріліп отырғаны жөн болар еді. Фараби-ғұлама, қалай десек те, ұлтымыз тарапынан ондай ықыласқа лайық дана тұлға! Оның он ғасыр бұрын жазып кеткен ойлары күні бүгін де өз мәнін жойған емес.

Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби былай деген: «...Адам толығымен дамып-жетілуі үшін ол көптеген нәрсеге тәуелді. Себебі ол өзіне қажет барлық нәрсені жалғыз өзі жасай алмайды әрі қол жеткізе алмайды. Сондықтан адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады. Бірақ ол басқа адамдарға қатысты да қоғамдастықтың құраушысы және басқалардың жоғын тауып беруші болып келеді...».

Ғұлама бабаның көрегендікпен айтқан осы тұжырымды ойына алып-қосарымыз жоқ!

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ

> Таяуда ғана Астанада өткен үлкен жиында еліміздің бас ордасында ресми түрде «Жасанды интеллект орталығы» ашылғаны хабарланды. Оны ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жария етті. Онымен қоса, жаңа ресми орган – Жасанды интеллект және цифрландыру министрлігі құрылғаны да белгілі болып отыр. Демек, қазіргі қоғам жасанды интеллектінің мол мүмкіндігін адамзат игілігіне пайдалануға толығымен назар аударып жатыр деуге болатындай. Жасанды интеллектіге қарай бет бұру адамзат қоғамына қандай жақсылық пен игілік әкелуі мүмкін? Біз одан қандай пайда көруіміз мүмкін? Оның болашағы қандай?

Адам интеллекті, Фараби айшықтап көрсеткендей, уақытпен дамып, барынша жетіліп, замана ағымына ілесіп жүретіні белгілі болып отыр. Кейінгі замандар бедерінде интеллект ұғымына ғылыми тұрғыда баға беріліп, оның түрлері де анықтап жазыла бастады. Айталық, қазір біз интеллектінің мынадай түрлерін атай аламыз:

– Абстрактылы интелллект;
– Нақты интеллект;
– Қарапайым интеллект;
– Жасанды интеллект, т. б.

Осылардың ішінен қазіргі кезде жасанды интеллектіге баса назар аударылып, тұрмысымызға бойлап еніп бара жатыр. Жасанды интеллект қазіргі техникалық прогресс заманында қандай қызмет атқара алады?

Жасанды интеллект дегеніміз (Artificial intelligence – AI) – өмірге қажетті ақпараттарды мақсатты бағытқа бұрып, оны өңдеуге, реттеуге, оқуға, тағы басқа да функцияларды жүзеге асыруға қабілеттілік. Жасанды интеллектіні қолдану арқылы адам араласатын көптеген саланың жұмысын жеңілдете алады екенбіз. Мысалы, күнделікті тапсырмаларды (ресми құжаттарды реттеу, хаттарды жүйелеп, оған тиісті жауап беру, кейбір жазба жұмыстарын орындау, т. б.) автоматтандыру; бизнесті жоспарлау және талдау;

ЖОҒЫМЫЗДЫ ТҮГЕНДЕЙІК

«Бір жоқ екінші жоқты табады» дегендей, «Ақмола ақиқаты» газетінің тігінділерін ақтарып отырып, осы өңірден шыққан жазушы Қажымұрат Рахимовтың 1994 жылы газетке басылған мақаласы көзімізге түсті. Автор сұңқар ақынның Ақмоладағы іздерін саралай келе, бүгінгі зерттеушілердің де қаперінде жүретін мол мәліметтерді жазыпты.

Ақын Сәкен Сейфуллиннің туғанына 100 жыл

СӘКЕН АҚМОЛАДА

Ақын ақын Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық тойы қарсаңында белгілі жазушыларымыздың бірі, «Сеңгір сырлары» тритогиясының авторы Қажымұрат Рахимовтың жүрекжарды лебізін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Мен дүниеге келген кез — революциядан кейінгі 10 жыл төңірегі болатын. Зор уақиғаның Қазан төңкерісінің ізі суып үлгермеген кез еді. Оған қатысушылардың бәрі болмаса да көпшілігінің тірі кезі. Сондықтан мен сәби кезімнен-ақ Сәкен есімін естіп, оның өлеңдерімен таныс болып естім. «Сеңгір сырлары» трилогиясында суреттелетін ерекше тұрған қоңыр үй — туған үйім. Онда роман-дайына қанып өстім.

Әуелден осы Ақмола жайында, Ақмола өңірі жөнінде роман жазуды мақсат еткен соң 1963 жылдары қыр елінде көп болдым. Содан «Сеңгір сырларына» материалдарды жеңептеуір жинақтап қалған кезім еді. Роман жазуға шыққан соң отыру мақсатымен өлкелік газеттен кетіп бір жыл бойы Ақмоланың өлкесіне тану мұражайында ағалық қызметкер болып

70-80 беттен әрқайсысы жеке түптелінген көдімгі кітап тәрізді. Бір байқағаным, 1937 жылы Сәкен ұсталғаннан кейінгі мерзімдегі оқиғаларды көрсететін тұстардың 15-20 парағы жыртылып тасталған екен. Мен соны толықтырам ба деп ойлап естеліктер жазған адамдарды іздедім. Соның ішінде Вера Монина мен Михайл Юдин дегеннің жазбасы тұрды. Ақмоланың революционері

Ақмолаға келед «Тар жол, тайғақ маңында айтылат жоқ» взгонында шеккен адамдард Юдин деген бо екеуі Ақмола тур ге келеді. Тұр баяғыда зәбір Мәнтен деген м де екен. Оны қ қылышын суыры нағы шауып деп тұра ұмты кезде Сәкен қ ғып: «Тоқта, Ми ғана жазушы бұл халықтың тиіспе, халық с лық шешсін!» — гершілік көрсет ып қалады.

«Сеңгір сы Қасен деген — нің тұлғасы. М қаладағы тірші тейін деп ойл Себебі ол дүни

Қазіргі Абай, бұрынғы Ленин ескерткіші тұрған жердегі Калпиннің үйінде тұрса, қазіргі милиция үйі – бұрынғы кітапхана ойын-сауық көрсететін орын болған» дейді. Мұның бәрін қаламыздағы Сәкеннің мұражайы қызметкерлеріне белгілі болар, алайда осы жолдарды жаза отырып, Ақмоланың талай шежіресі қалтарыста қалды-ау деп ойлаймыз. Бұл – «Ақмола ақиқаты» газеті авторының бірі Қажымұрат Рахимовтың бір жазбасы ғана. Елге-жерге байланысты бұдан басқа да тың деректер іздеймін деген талаптыға мәлімет жеткілікті. Алайда біздің айтпағымыз – Ақмола өлкетану музейінің аса қажеттігі. Әлі де кеш емес. Ақмола тарихын білетін адамдардың барында шашырап кеткен жәдігерлерімізді жинайық, жоғымызды түгендейік!

Айгүл УАЙС

Бізге белгілі деректер бойынша 1923 жылы Ақмолада өлкетану музейі ашылған екен. Ол туралы: «Бір жыл бойы Ақмоланың өлкетану музейіне аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істедім. Сол кезде бұл мұражай Қазақстандағы ірі мұражайлардың бірі саналатын. Онда Ақмоланың тарихына байланысты этнографиялық археологиялық, революцияға дейінгі, кейінгі мол тарихи материалдар жинақтаулы еді. Қазір сол материалдардың көпшілігі құрып кетті деп естимін. Себебі 1954 жылы тың жерлер игеріле бастағанда, «Ақмола өңірінің тарихы тек қана тың игеруден басталады» деген дақпыртпен хрущевтік лаңның құрбанына айналып жойылып кеткен екен» деп еске алады. Сол жылдары Софья Иосифовна Лурье деген кісі музейдің директоры болыпты.

«Ақмола ақиқатындағы» шағын мақалада Семеновтың жеке жазбаларындағы Қорғалжын көтерілісіне қатысты құжаттарды, Геннадий Негаев пен оның әкесі Николайдың естеліктері туралы айтады. Бұлар Ақмоланың төңкеріс кезеңінен хабардар ететін құжаттар болуы ықтимал. Мүмкіндігі болса, бұл деректерді архивтерден іздестіріп көрген жөн болар.

Тарихтың тәлкегі ме, кім білсін, Ақмола елорда болғанда да бұрынғы Ақмола-Целиноградтың тарихын елемей, барлық назар жаңа астанаға ауған еді. Соның салдарынан бүгінде осы өңірдің өлкетану музейінің ізін таба алмай қалғанбыз. Енді мұның Сәкенге қандай қатысы бар дегенде айтарымыз, ең алдымен, автор – Сәкеннің өмірін зерттеген жазушы. Ал Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы төңкеріс кезіндегі Ақмоламен тікелей байланысты. «Оның алғаш рет Совдепке сайланып, содан кейін оқу-ағарту комиссары болып қызмет істеген жері – қазіргі Ардагерлердің ауруханасы, кезінде әскер үйі болған Тың игерушілер сарайының қарсы алдындағы бұрыштағы ақ үй, Сәкен жүрген іздерді толықтырады.

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

ҚАЖЫМАЙТЫН ҚАЖЫ ҚОРҒАНОВ

Қай дәуірдің болмасын өз шындығы, өз шырағы бар. Бірі сол дәуірдің күйін шертіп өтеді, бірі елдің мұңын жеткізіп кетеді. Ал енді бірі сол екеуін де қатар алып жүріп, ұлттың көзін ашқан, сөздің қадірін арттырған қаламгерлердің қатарынан табылады. Сондай тұлғалардың бірі – қайраткер журналист, қазақ телевизиясының тарланы, диктор-тілші Қажы Қорғанов. Қажы ағамыздың әңгімесін тыңдасаң әр сөзінен дәуірдің демі еседі. Оның естеліктері – құрғақ баяндау емес, көз көргеннің куәлігі.

– «Кеудесі ағалардың алтын сандық» кітабымда 99 кейіпкер туралы естелігімді жаздым. Оның қазір біреуі ғана тірі. Ол – Мұхтар Шаханов. Қалған кейіпкерлерім келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанды, – деп сөзін бастады Қажы Қорғанов. – Менің өмірімдегі үш мерейтой – уақыттың өзі сыйлаған үш биік белес. Сол биікте жүргенімде, талай жандармен дәмдес те, тілдес те болдым. Солардың бірі – қайталанбас тұлға Қадыр ағам Мырзалиев. Қазақ поэзиясының аңызы. Сол 1989 жылғы Жоғарғы Совет сессиясында әр сөздің салмағы бар еді... Алдымдағы қатардың бірінде Шахмардан Есенов ағамыз отырды. Ойды арманға жалғайтын жан еді, ау шіркін!..

– Даусыңыз естілмей жатыр ғой, аға, – деп қалжыңмен ағамды қағытып өттім. Білгенге әзілің кішілік, білмеске оттай боп көрінер. Ағамыз езу тартып қойды, операциядан әлсіреген бір сәті болар. Шахмардан аға басына ота жасатып, Мәскеуге қайта аттанғалы жүр екен. Содан соң Қадекеңе (Қадыр Мырзалиевке) де келіп, зілсіз әзілмен: – Сіздің дауысыңыз да естілмей жатқанынан-ау, ә?!» дедім. Абыройы асқақ ақын маған парағын көрсетті. «Көрдің бе, ойымда мың өлеңнің жолдары өріліп жатыр. Сонымен арпалысып отырмын» деді. Ойдың қуаты, сөздің шуағы сонда тұр. Сол жылы өзімнің 50 жылдық мерейтойымды атап өткелі жүргенмін. Қадыр ағаға шатырдай шаңыраққа шақырту беріп тұрып:

– Міне, тақырып өзіңізге дайын, аға! – дедім. Қадыр аға күліп жіберді. Сөйтіп жүріп, қолтаңбалы өлеңін де арнады. Жұрт сұрайды сонда: «Қадыр аға тойға өлең жазбайды, ал саған қалай жазды?» деп. Менің де бұл сұраққа жауабым жоқ. Тек бір нәрсені әлі күнге дейін ойлайтын жан ретінде мені таныса керек. Әйтеуір, маған сонда көңілі ауған.

Күндер зулап өтіп жатты. Бір күні эфирге жазып жатқан «арызқойлар» жайлы хабарда елден ерек кейуананы таптым. 13 жасынан арыз жазып келе жатқан ақсақал екен. «Батпағы көп бюрократияның» бетіне тура қарап тұрған бекзаттық кейіпкерім деп санаймын. Ақсақалмен кездескен сәтте операторға «Камераны дереу қос!» дедім. Сөйттім де «Ассалаумағалейкум, аға! Арыз деген өзі бір жақсы ғой. Біздің басшылар, неге қапыда қалып жүр?» деп көкейіндегі сөзді қозғап, бір қызықты бастап қалдым. Ақсақал бар шындығын айтып, шешіле сөйледі. Бірақ, операторым камераның дыбысын шиқылдатып алып, айтылмаған сырдың бетін ашып қойды. Кейіпкеріме камераның қосулы екенін айтпай үйге кіргенбіз.

– Балам-ау, түсірер болсаңдар, неге айтпайсыңдар?! Галстугымды тағып алар едім ғой, – деп күлді. Күлкісінен сыр таптым. Кісідегі сенім – ең ауыр жүк екен. Арызды емес, арыздың артындағы жанды тыңдау – сол кезде кеудеме орнаған қағидат.

Жаңғырықтатып жүрген жерім жоқ, бірақ бір білгенім – еңбек жайлы әңгіме айтсаң, ең әуелі адамның өзегіне үңіл. Ауыл шаруашылығы жайлы хабар жасаймын деп талай облысты аралап, талай қыр астым. Еңбек үстінен туған туындыларымның бірі – «Төрт түліктің төресі – түйе», «Желден жүйрік – жылқы» жайлы көпсериялы хабар болды. Қой шаруашылығы жайлы «Қой өсірудің озат тәжірибе мектебі» деген тақырыпта хабар тараттым. Оны Мәскеуде пленумда мақтапты. Бірақ, жүректі елжіретететін әңгімем – қазақтың үш қойшы қызы жайлы еді. Бірі – Сыр бойының сұлуы Рабиға Іждіқұлова. Екіншісі – Мойынқұмның ерке желіндей Нұржамал Туғанбаева. Үшіншісі – Шымкенттің парасатты аруы Фатима Қадырбаева. Бұл қыздың бойында ақыл да, ізгілік те, іскерлік те тоғысқан. Мәскеуге іссапар алдында Шымкенттен Алматыға келіп, өз ауылынан оқып жүрген студенттерді жинап, дастарқан жайып, әрқайсының хал-жағдайын сұрайды екен. «Қандай қиындықтарың бар, не кедергі?» деп барлай сөйлесіп, бірінің жатақхана мәселесін, енді бірінің стипендиясын реттеп, әрқайсына 5-10 сомнан ұстатып шығады. Осының бәрін істеп жүрген депутат Фатима сол кезде небәрі жиырма екі жаста еді. Жиырма екі жаста! Мұндай парасат, мұндай жауапкершілік екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік емес пе?!



Өмірімнің бір шақтарында табаным Дағыстан топырағына тіреліп, Қазақстанның екі сағаттық телебағдарламасын көрсету үшін Дағыстанға сапар шектік. Кешкісін жергілікті телеарнаның жігіттері мейрамханаға шақырды. Барсам, Расул Ғамзатовтың өзі отыр екен. Сол уақытта ол кісі елуге таяп қалған, ал мен жиырма бестің айналасындағы жас жігітпін. Әңгімелесіп, таныса кеттік. Көп ұзамай Ғамзатов генералдың мерейтойына шақырды. Сол мерекеде маған да сөз берілді. Мен сонда «Дағыстан мен Қазақстанның достығы тереңде. Жамбыл мен Стальский, Әуезов пен Ғамзатов ағаларымыз жапсарласа жүрген заманнан бастау алған» деп, ел арасындағы ағайындықты еске салуға тырыстым. Сол сөзден кейін Расул аға ертеңінде үйіне асқа шақырды. «Ыңғайсыз болмай ма?» деп едім, «Дағыстандықтарда «неудобный» деген сөз жоқ» деп қысқа қайырды. Дағыстанның тынысын да, тұрмысын да сол үш күн ішінде көп көрдім.

Ғамзатовтың қолында үш кітабы бар екен. Соның бірі шырпы қорабынан сәл ғана үлкен екен. Кітаптарына қолтаңба қалдырып, маған сыйға тартты. Одан соң әуежайға дейін шығарып салып, қолымды қысып қоштасты. Кейін ол кісіні Кремльде бір-ақ көрген едік. Бірақ сол алғашқы кездесу мәңгі жадымда қалды.

Қазақты биіктететін – еңбек. Қазақтың атақты еңбек майталмандарының бәрі де менің тұрақты кейіпкерім болды. Еңбектің сөзін сөйлеу үшін – көргеніңді, білгеніңді жеткізе білу керек. Мәселенің мәнін ашпай, жай хабар тараттым деп айту – қазақ тілінің қадіріне сын.

– Ауыл шаруашылығына келгенде бір адамдай жұмыс істедім. Елдің ер-тұрманы мен арба-шанасына дейін мәселе көтердім. Дәл осы ер-тұрман жайлы 5-6 хабар жасадым. Киіз үйдің мәселесі жайлы Димекең (Дінмұхаммед Қонаев) министрлерді шақырып алып ұрсыпты: «біз өзіміз бірдеңе бітіріп жүрміз бе десек ештеңе бітірмеппіз ғой, жігіттер. Кеше малшылармен кездесіп масқара болдым. Аспанға ғарышкер ұшырып жатсыңдар, біздің киіз үйдің түрі мынау. Қап-қара болып, былжырап жатыр. Осы мәселені дұрыстаңдар» деп пәрмен беріпті. Осыдан соң бес министрмен бірге жарты сағаттан бес хабар жасадым.

Біздің міндет – ұлттың мұңын айтып, ұлттың жолын ашу. Сонда ғана ата-бабаның аруағы кең көкжиегінде желбірер. Мені өзгеден биік қылған атақ емес, марапат та емес. Жоғарыдан келген пәрмен де емес. Мені қолдаған – бабаларымның аруағы, ана тілінің өсиеті, адамның бұзылмайтын ұяты. Әйтпесе менің ешкімім жоқ. Құдайдың шарапаты тиді. Жастық шағым жаман өткен жоқ. Жасындай жарқылдап, бармаған жерім жоқ. Бұл – менің өмір мектебім.

1971-1976 жылдары «Алтын дән» хабарын орысша және қазақша жүргіздім. Осы бағдарламаның арқасында «Құрмет белгісі» орденімен марапатталдым. Телевизия тарихында екі тілде хабар таратқан екі адам ғана болды. Бірі – Совет Масғұтов, екіншісі – мен. Біздің артықшылығымыз сол болды.

«Тақырыпты тереңдете жазу – парыз. Шешіміне жол ашу – міндет» деп талай жазушыға, жас журналистерге тіл қаттым. Бір білгенім, шындықтың жолы – ауыр. Бірақ сол жолда жүрген адам өмірін бос кешпейді.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

ҒАСЫРЛАР АСҚАН ҚАЗЫНА

Өмірі өнермен өрнектелген қазақтың көрнекті музыканты, танымал қобызшы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Раушан Мұсақожаева жуырда 70 жасқа толды.



Қобыз – ықылым заманнан келе жатқан музыкалық аспап. Ғасырлар асқан қазынамыз – киелі қара қобыз түркі тектес халықтар ішінде тек қазақтардың ғана еншісіне бұйырған. Осындай қастерлі аспапты жете меңгерген маман, шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз, оқу құралдары мен бағдарламалар жасаған автор, шығармаларды жадында сақтап орындайтын виртуоз музыкант Раушан Қожабекқызының есімі елге мәлім.

Өзінің өнер жолындағы бастапқы қадамдарын Раушан Қожабекқызы бұлай еске алады: «Қызығы мол өнер жолында талай тарихи кезеңдер мен жаңалықтың куәгері болдым. Әйгілі «Отырар сазы» оркестрінің бірінші құрамында ойнадық. Бұл оркестр Ж.Жабаев атындағы Қазақ филармониясының жанынан 1979 жылы этнографиялық ансамбль болып ашылды. Ансамбль құрудағы басты мақсат – Отырарда табылған көне музыкалық аспаптарды «сөйлету» болатын. Зерттеуші ғалым Болат Сарыбаев пен домбырашы Сейілхан Құсайыновтар ансамбльдің құрамын жасақтауда біршама жұмыс жүргізді. Бір күні ұстаздарымыз Досымжан Тезекбаев пен Малғаждар Әубәкіров, Қалия Шілдебаева, Ғалия Молдакәрімова үшеумізді шақырып алып, фольклорлық ансамбльдің ашылғаны туралы жағымды жаңалықпен бөлісті. Қазақ музыка өнерінің дамуына жасалып жатқан жаңа серпіліс екенін ұғындырып, ансамбльдің дамуына атсалысыңдар деген өтініш білдірді. Сөйтіп «Отырар сазының» алғашқы концертіне қатыстық. Ансамбльдің әртістері керемет адамдар еді, шап-шағын ұйымшыл ұжым болды. Бірінші құрамында Еділ Құсайынов, Гүлнар Бекетаева, Базархан Қосбасаров, Майгүл Қазтұрғанова, Ермұрат Үсенов болды, соңынан бізге курстасымыз Ғалия Молдакәрімова қосылды. 1981 жылы ансамбльдің бас дирижері болып КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиев тағайындалды. 1982 жылы «Отырар сазы» оркестр санатына көтерілді. Осы атақты оркестрдің құрамында еңбектеніп жүріп, республикалық және одақтық гастрольдерге қатыстық, тәжірибе жинақтадық. Біздер жастар ұжымы болып Мәскеуге барғанымызда «Бүкілодақтық Лениндік комсомол сыйлығының лауреаты» атағын жеңіп алдық. Мәскеуден келе салысымен Құрманғазы атындағы Бірінші республикалық байқауға қатысатынымыз белгілі болды. Үш күн дайындықтан кейін 28 желтоқсан күні байқауға қатыстық. Бұл есте қалатын жарыс болды! Қазылар алқасында күйдің жілігін шағып, майын ішкен шеберлер Нұрғиса Тілендиев, Кенжебек Күмісбеков, Шамғон Қажығалиев, Фатима Балғаева, Қаршыға Ахмедияровтар бар. Осындай танымал тұлғалардың алдында өнер көрсету, оған қоса бірінші орын алу мен үшін үлкен мақтаныш болды. Ұстазым Досымжан Күзенұлының қатал талап қойып, зор сенім артқаны да күш-жігер берді».



Суретте (оңнан солға қарай) композитор Еділ Құсайынов, қобызшы Раушан Мұсақожаева, КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиев, музыкалық аспаптар шебері Оразғазы Бейсенбеков, дирижер Жамағат Темірғалиев, әнші Жиһангер Телғожаев.

Раушанның мамандыққа баулыған ұстазы К.Байсейітова атындағы Республикалық дарынды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының директоры Досымжан Тезекбаев ұлтжанды азамат еді. Ол өткен ғасырдың 60-70 жылдары өзі басқарып отырған мектепте қобыз сыныбын ашады. Қобыз мамандығына арнайы іріктеу жүргізіліп, қазақтың дарынды үш қызы қабылданады. Ол үшеуі – қазір аттары кеңінен танымал, өнеріміздің ардақты өкілдері Ғалия Молдакәрімова, Қалия Шілдебаева және Раушан Мұсақожаевалар. Өнер жолына түскен жас дарындар қазақ мәдениетін дамытуға бір пайдамыз тисе деген ұстаныммен ұстаздары ұсынған эксперименттерге белсенді қатысып жүрді. Төрт ішекті қобызда ойнаудың әдіс-тәсіліне әбден қаныққан музыкант қыздар Қалия Шілдебаева, Нәсіпті Байымбетова, Раушан Мұсақожаева қобыздың көне түрі – қыл қобызды да меңгеріп алды. Ізденімпаз, дарынды қыздар қыл қобыздың тарихын жете білетін. Үзіліп, құрдымға кетіп бара жатқан қобызды сақтап қалу мақсатында қазақ зиялылары біраз әрекеттенгені туралы ұстаздарынан естіп, жадына құйып алған. XX ғасырдың 30-жылдары бүкіл Қазақстанда қыл қобызда ойнайтын адамды күндіз шырақпен іздесең таба алмас едіңіз. Қазақ ұлт мәдениетінің жанашырлары әрекеттенбегенде, ұлтымыздың төл аспаптарының біразынан айырылатын едік. XX ғасырда ұлттық музыкалық мұрамызды зерттеуге белсене қатысқан Ахмет Жұбанов, Александр Затаевич, Талиға Бекқожина, Болат Сарыбаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Жиенбек Рысалдин, Қамар Қасымов, Жексенбек Еркімбеков сынды қайраткерлердің еңбектерін атап өтуге болады.

Раушан Қожабекқызы – қазақ өнері мен мәдениетін өркендетуге бір адамдай атсалысқан майталман өнерпаз, білікті ұстаз. Соның дәлелі, профессордың шәкірттері еліміздің мәдениет және өнер салаларында қызмет істеп жүрген танымал музыканттар: Гүлнұр Саргизова – Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның ұстазы; Жазира Ұзақбаева, Ботагөз Ташимова, Индира Ғабделова, Динара Аблемова – К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушылары; Гүлім Атошева – Президенттік гвардия оркестрінің жеке орындаушысы; Ботагөз Жандәулет – Ақан сері атындағы Көкшетау колледжінің оқытушысы, Гүлзира Абжаппарова Қызылорда колледжінде дәріс беріп жүр. Бәрін атап өту мүмкін емес. Раушан Мұсақожаева Қазақ ұлттық музыка академиясы 1998 жылы ашылғанда Ақмолаға қоныс аударып, бірінші «Қобыз» кафедрасын ашып, меңгерушісі болды, содан бері де 27 жыл өтіпті. Осы аралықта қобыз мамандығында оқып, елді мекендерде ұстаз болып жүрген кафедраның түлектері қаншама?!

Раушан Мұсақожаеваның орындаған шығармалары күй-табақтарда, жеке концерттері теледидар мен радиода жазылып, өнеріміздің «Алтын қор» жинағына енген. Қобызшының репертуарында қазақ күйлерімен қатар отандық және шетелдік классикалық музыканың үлгілері де орын алған. Раушан Қожабекқызы – көптеген шығармалардың тұңғыш орындаушысы. Кеменгер абыздар ұстаған қасиетті қобызды шетелге шығарып, Австрия, АҚШ, Оңтүстік Корея, Қытай, Франция, Англия, Түркия, Мысыр, Индия елдеріне гастрольдік сапармен барды. Ұлты мен мәдениетін жан-тәнімен сүйетін қазақ қызы – қасиетті қара қобызды бүкіл әлемге танытып, ұлттық өнеріміздің өрісін кеңейтіп жүрген бірегей өнер иесі. Мерейлі тойыңыз құтты болсын, қазақтың өнерпаз қызы!

Гүлнаш БЕРЖАНОВА,
ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері

№131 (4875) 06/11/2025 Бейсенбі



МҮДДЕЛЕР ТҮЙІСКЕН ТҰС

АҚШ президенті Дональд Трамп Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан басшыларын «С5+1» форматындағы саммитке шақырды. Бүгін, яғни 6 қарашада Вашингтонда өтетін бұл жиынның басты тақырыбы ашып айтылмағанымен, кездесуде сауда мен инвестиция, маңызды минералдық ресурстар және энергетика саласындағы ынтымақтастықты күшейтуге басымдық берілетіні анық. Өйткені 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейін Орталық Азия мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас ұзақ уақыт бойы қауіпсіздік мәселесіне негізделіп келсе, енді, шамасы, іскерлік мүддеге қарай бұрылатын сыңайы бар.

«С5+1» форматындағы алқалы жиын осымен екінші мәрте өткелі тұр. Алғашқысы 2023 жылы Нью-Йоркте Біріккен ұлттар ұйымы Бас ассамблеясының жиыны кезінде ұйымдастырылды. Оны АҚШ-тың сол кездегі президенті Джо Байден өткізген болатын. Дегенмен, бұл жолғы саммиттің өткен басқосудан мәні де, маңызы да басқаша дейді сарапшылар. Өйткені қазір әлемдік жағдай шиеленісіп, алпауыт елдер арасындағы текетірес күшейді, жаһандық саясатта жаңа блоктық бөліністер айқындалып, жер қойнауындағы байлыққа деген сұраныс пен талас бұрынғыдан да арта түсті. Ал Орталық Азия өңірі болса, уран, мұнай, газ, алтын және түрлі-түсті металдарға бай. Мұндай ресурстар қазіргі геосаяси жағдайда, әсіресе энергия мен өндірістік шикізат тапшылығы байқалып тұрған шақта, әлемдік державалар үшін аса маңызды факторға айналды. Сарапшылардың пікірінше, дәл осы ресурстық әлеует аймақты әлемдік саясаттың сахнасына шығарып отыр. Өйткені АҚШ үшін де, Қытай мен Ресей үшін де Орталық Азия – экономикалық мүдде мен қауіпсіздік тепе-теңдігін сақтайтын аймақ. Сондықтан «С5+1» форматы шеңберіндегі әр кездесу – тек дипломатиялық әңгіме емес, өңірлік саясаттың жаңа бағыттарын айқындайтын маңызды қадам саналады. Сосын да саммиттің қарсаңында АҚШ президентінің Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серхио Гор Орталық Азия елдеріне сапарлап шықты.

АҚШ «С5+1» ФОРМАТЫН НЕ ҮШІН ЖАНДАНДЫРДЫ?

АҚШ үкіметі аймақтағы бес елмен жан-жақты ынтымақтастықты нығайту үшін С5+1 платформасын 2015 жылы құрған. Орта Азия аймағы бұрыннан Ресейдің «дәстүрлі ықпал аймағы» саналып келгені белгілі. Алайда Ресей мен Украина арасындағы соғыстан кейін Мәскеудің геосаяси салмағы аз да болса әлсіреді. Осыны тиімді пайдаланып қалуға тырысқан АҚШ аймақ елдерімен байланысын күшейтіп, олардың саясат пен қауіпсіздік саласындағы «тәуелділігін» азайтуға кірісті. Яғни Вашингтонның басты мақсаты – аймақ елдерін Ресейдің ықпалынан алыстатып, дипломатиялық тұрғыдан «тәуелсіз бағыт ұстануға» бейімдеу.

Сонымен қатар, Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында Орталық Азияда жүргізіп жатқан инфрақұрылымдық және энергетикалық бастамалары да АҚШ-ты алаңдатып отыр. Бейжің соңғы жылдары аймақтағы теміржол, мұнай-газ құбыры және сауда желілерін белсенді дамытып келеді. Бұған жауап ретінде Вашингтон «экономиканы әртараптандыру» мен «жаңа көлік дәліздері» жобасын ұсыну арқылы Қытайдың экономикалық ықпалына тежеу салуды көздейді. Міне, осы тұрғыдан алғанда, АҚШ-тың «С5+1» форматын жандандырудағы ең үлкен мақсаты – Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай ықпалын тежеу болса, келесі көздегені экономика мен энергия қауіпсіздігі үшін балама дәліз құру.

АҚШ қазір Транс-Каспий энергия дәлізіне аса қызығушылық танытып отыр. Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТХКБ) немесе Орта дәліз Каспий теңізі, Кавказ және Түркия арқылы Орталық Азия мен Еуропаның арасын жалғайды. Автокөлік жолы, теміржол және теңіз жолынан тұратын көлік инфрақұрылымы – Ресей аумағымен өтетін қалыптасқан сауда жолдарының негізгі баламасы. Бұл – аймақ елдеріне ресейлік бағытты пайдаланудан туындайтын геосаяси қатерге ұрынбай, тауарларын экспортқа шығаруға немесе инвестиция тартуға берілген мүмкіндік. Дәліз жаңа нарыққа жол ашу арқылы Орталық Азия елдерінің экономикалық тәуелсіздігін нығайтып қана қоймай, аймақ субъектілерінің көлік шығынын да азайтады. Аталған тасымал бағыты арқылы Каспий теңізін кесіп өтетін көлік бағыттары арқылы Орталық Азияның мұнайы мен газын Ресей аумағын айналып өтіп, тікелей Еуропа нарығына жеткізуге болады. Мұндай жоба Батыстың энергетикалық тәуелсіздігін арттырумен қатар, американдық компанияларға аймақтың бай табиғи ресурстарына ортақтасуға жол ашады. Вашингтон сонымен бірге аймақ елдеріне «жасыл экономика», «таза энергия» бағыттарында серіктестік орнатуды ұсынуда. Бұл – АҚШ-тың Орталық Азияны Қытай мен Ресейге тәуелді емес, жаһандық жаңа экономикалық тізбекке тарту амалы.

Вашингтон «экстремизммен, есірткі және қару-жарақ саудасымен күрес» ұранын алға тарта отырып, аймақтағы әскери және барлау ықпалын сақтап қалуға да тырысып келеді. Сосын да Америка әскери дайындық, техникамен қамтамасыз ету және кибер қауіпсіздік бойынша серіктестікті нығайтуды ұсынып, аймақ елдерінің күштік құрылымдарымен тығыз байланыс орнатуға күш салуда. Мұның түпкі мақсаты да – Орталық Азия мемлекеттерінің толықтай Ресей мен Қытай орбитасына еніп кетуін болдырмау.

КЕРЕГЕСІ КЕҢЕЙЕ ТҮСЕДІ

АҚШ Кавказ бағытында да белсенді қимылдауда. Әзербайжан мен Армения арасындағы келіссөздерге жиі араласып, араағайындық жасауы бекер емес. Бұл да аймақтағы геосаяси тепе-теңдікті өз мүддесіне қарай қайта құрудың тағы бір жоспары болатын. Вашингтон Армения мен Әзербайжан арасындағы бейбіт диалогты қолдау арқылы өзін «бейтарап делдал» ретінде көрсеткісі келеді. Алайда сарапшылардың пікірінше, бұл бастаманың астарында Ресей мен Иран ықпалын әлсірету және аймақтық көлік-энергетикалық жобаларды өз бақылауына алу мақсаты жатыр.

Әзербайжанның географиялық орны – Батыс пен Шығысты байланыстыратын алтын көпір. АҚШ дәл осы артықшылықты пайдаланып, жоғарыда айтқанымыздай, Каспий теңізін кесіп өтетін Транс-Каспий дәлізін Еуропаға жеткізуді көздеп отыр. Дәліздің бір ұшы Қазақстан мен Түрікменстанға, екінші ұшы Әзербайжан арқылы Грузия мен Түркияға, одан әрі Еуропаға шығуы – АҚШ үшін стратегиялық табыс болмақ. Осы арқылы Вашингтон аймақтағы көлік және энергия бағытының негізгі қожайынына айналуды көздейді. Әзербайжан мен Армения басшыларын ақ үйге шақырып, оларды татуластырғанынан кейін екі ел арасындағы әлемге әйгілі Заңгезур дәлізін 100 жылға жалға алуға ниет білдіруінің астарында міне, осындай ұзақ болашақтық жоспар жатыр.

Оның үстіне қазір Әзербайжан да біртіндеп өңірлік процестерге араласа бастады. Әлиев Орталық Азия елдері басшыларының саммиттеріне де бірнеше рет шақырылған. 2025 жылғы тамызда Астанада өткен кездесуде Баку өңірлік бастамалардың негізгі серіктесі деп танылды. Сондықтан осы жолы саммитте Орталық Азиямен бірге Оңтүстік Кавказбен әріптестік көкжиегін кеңейту де талқыға түсуі әбден мүмкін. Екінші сөзбен айтсақ, болашақта «С5+1» форматы «5+3» форматы болып кеңеюі ықтимал. Өйткені Әзербайжан, Армения және Грузия мемлекеттері де Орта дәлізді дамытуда маңызды рөл атқарады. Оған Қазақстан да аса мүдделі.

КӨП ЕЛ КӨЗ ТІГІП ОТЫР

«Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, соңғы кездері Орталық Азия елдерін ортаға алып өтетін алқалы жиындар көбейді. «Орталық Азия – Ресей», «Орталық Азия – Қытай», «Орталық Азия – Италия», «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиттерінің іркес-тіркес өткені – соның айғағы. Бұл арада Еуроодақтың мүддесі мен АҚШ-тың да өңірдегі мүддесі өзара тоғысатынын айта кеткен жөн.

Кеңес Одағы тарағаннан кейін, 1991 жылы Еуропалық Одақ Орталық Азия елдерімен ресми дипломатиялық қатынас орнатқан алғашқы серіктестердің бірі болды. 1993 жылы іске қосылған ТАСИС (TACIS) бағдарламасы мен 2007 жылы қабылданған Одақтың Орталық Азияға арналған стратегиясы аймақ елдерінің экономикалық және институционалдық дамуына бағыт берді. Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ аймақтағы басты сауда және инвестициялық серіктестердің біріне айналды. Тек Қазақстанның өзімен арадағы сауда айналымы 2024 жылы 50 млрд АҚШ долларына жуықтап, ЕО елімізге 200 млрд доллардан астам инвестиция құйған. Бұл Қазақстан экономикасына салынған шетелдік капиталдың жартысына жуығын құрайды.

Сарапшылардың пайымынша, энергетика саласындағы ынтымақтастық екіжақты қатынастардың өзегіне айналып отыр. Еуропалық Одақ Қазақстанды «жасыл экономикаға» көшу ісінде аймақтық серіктес ретінде қарастырады. Цифрлық трансформация, жаңартылатын энергия көздері мен сирек металдарды игеру бағыттарында бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Шығыс Еуропадағы шиеленістен кейін одаққа мүше елдердің Ресейдің мұнай мен газынан бас тартып жатқанын ескерсек, бұл қадам аймақтың геосаяси тепе-теңдігін өзгертумен қатар, Орта Азия елдерінің энергетикалық маңызын арттыра түсті.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КӨЛІК ӨНДІРІСІ ТҰРАЛАП ТҰР

Еуропада чип тапшылығынан көлік өндірісі шатқаяқтап тұр. Таяуда Нидерланд қытайлық Nexperia компаниясын мемлекет меншігіне алды. Алайда Бейжің бірден чип экспортына тосқауыл қойды. Енді BMW Group, Fiat, Stellantis және Volkswagen Group секілді әйгілі көлік өндірушілердің жұмысы тоқтап қалатын түрі бар.



Қазір Еуропа автоөндірушілері қоймада қалған чиппен жұмыс істеп амалдап жүр. Алайда оның қоры көп ұзамай таусылады. Дағдарыс ең әуелі Volkswagen компаниясының жұмысын тұралатты. Концерн басшылығы Вольфсбургтегі зауытта Гольф моделін шығару уақытша тоқтайды деп жариялады.

ГАЗАҒА КӨМЕК КӨРСЕТПЕК

Ыстамбұлда Ислам елдері сыртқы істер министрлерінің кеңесі өтті. Басқосуда Газа секторындағы гуманитарлық ахуал мен аймақта бейбітшілік орнату мәселелері талқыланды.



Кездесу соңында тараптар мұсылман елдерінің атынан арнайы жұмыс тобын құруға уағдаласты. Соған сәйкес Газа мәселесін БҰҰ және басқа халықаралық платформаларда үйлестіріп көтеру үшін ортақ дипломатиялық миссия құрылады. Сөйтіп аймаққа гуманитарлық көмек ағыны артып, инфрақұрылымды қалпына келтіру жобасы жүзеге асырылады. Бірақ әскери-саяси келісімдер әзірге нақты бекітілген жоқ. Себебі Израиль тарапы бұл мәселе бойынша келісім бермеген.

ҚАНАТТЫ ЗЫМЫРАНДАРЫН БЕРДІ

Ұлыбритания Украинаға Storm Shadow қанатты зымырандарының қосымша партиясын жеткізген деп хабарлады Bloomberg агенттігі.



Бұл жолы Украинаға неше зымыран жеткізілгені нақты айтылмағанымен, Bloomberg олардың қоры алдағы қыс мезгілінде Украинаға жеткілікті болып қалады деп жазды. Агенттік дереккөздерінің болжамы бойынша, қыс айларында Ресей Украина аумағындағы инфрақұрылым нысандарына шабуылды үдете түспек. Лондонның бұл әрекеті АҚШ президенті Дональд Трамптың жақын арада Украинаға Tomahawk қанатты зымырандарын беруді қарастырмайтынын айтқанымен байланысты болуы мүмкін деп жазды агенттік.

ҒАФУ

АҚЫН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Жақанның 140 жылдық тойының (Міржақып Дулатов) дақпыртымен ел азаматтары шақырған соң қарт Торғайға бардым. Шақырмаса да бару біздің парызымыз ғой. Беу, дүние-ай, бұл жерден мен мектеп бітіріп кеткелі де 60 жыл болыпты. Бұған дейін де туған жерге талай бардым ғой. Бірақ тап осы жолғыдай қатты толқымаппын. Ішкі жан-дүнием бұлым-бұлым болып небір жайттар еске түсті. Баяғыда «Пионер» деп аталатын көшедегі өзім тұрған әкемнің ағасы Тұрмат атам жатаған үйді адасыңқырап барып таптым. Жарықтық, кейін салған еңселі үйлердің тасасында жабырқап тұрған сияқты, көзге қораштау. Заман ағымнан қалып қойғаны бірден сезіледі. Осы үйде менің алғашқы мақалаларым мен шағын новеллаларым, тырнақалды очерктерім жазылып еді. Қауырсын қанатымды қатайтқан қара шаңырақ!



Аудан орталығында қазақтың ақиық ақыны Ғафу Қайырбековке ағайын-туыстары еңселі ескерткіш орнатты деп естігем. Ақын-депутат, қоғам қайраткері Қазыбек Иса, Мәжіліс депутаты, белгілі меценат, қоғам қайраткері Берік Бейсенғалиев, қазақ теңгесінің атасы, экономика ғылымдарының докторы Ғалым Байназаров тағы басқа азаматтар барып ақын ескерткішіне тағзым еттік. Ескерткіш-мүсін жақсы, көрікті екен. Жан-жағы абаттандырылып, сырты қоршалыпты.

Есімімен бүтіндей бір ру аталып кеткен Ғафудың бабасы – Мерген батыр кім? Қандай адам, енді сәлпәл соған тоқтала кетейін. Оның азан шақырып қойған аты – Теңізбай, Мерген лақап аты. Атақты Аңырақай шайқасындағы жоңғарларға қарсы соғыста құралайды көзден атқан мергендік үшін оған осы есім берілген. Ол Арғынның Әйдерке атасынан тарайтын атақты Бабас бидің бәйбішесінен туған. Нағашы жұрты – Ұлы жүз, Албан тайпасы. Мерген батырдың Дулат руынан шыққан Сартұлы Қойгелді батырдың апасы Асыл мен кіші жүздің Жаппас руының қызы Кенже деген әйелдерінен Қуандық, Сағындық, Баймырза, Босша, Беркінбай, Батырбай атты асықтың сақасындай атжалман ұлдар болған. Мерген батыр 1754 жылы қалмақтармен кезекті бір шайқаста ауыр жарақат алып, қайтыс болған. Мүрдесі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Атақты ақын Ғафу осы Мерген батырдың Баймырзадан тарайтын ұрпағы болып есептеледі.

Алпысыншы жылдардың кезеңі болу керек Ғафаңның атақты «Ана туралы жыры» радиодан беріліп елге тарала бастаған шағы. Бір күні шешем Қалқүл сол әнді тыңдап болған соң «Е, Ғафу-ай, ана сүтін ақтаған екен. Қайран Қалимаш мұны естімей кетті-ау» деп мына бір жайды маған айтып берген еді.

Соғысқа дейінгі, одан кейінгі қиыншылық уақыт қой. Қалимаш жеңгемізбен қоржын үйде көрші тұрдық. Ғафу мектепке барып жүрген жас бала. Шұбалаңдағы бастауышқа жаяу қатынап оқиды. Кейін атақты ақын болатынына көрінген шығар, бала қиялшыл, ерекше сезімтал болып өсті. Бір жолы далада шалқасынан жатып көзі ілініп кетсе керек. Оянғанда тас төбесінде ұшып жүрген шағаланы көріп «Аспанда ұшып жүрген ақ шағала, тілге қуат бере гөр хақ тағала» деп ояныпты. Міне, осы өлең жолы бала Ғафудың ақындық ғұмырының бастауы болған сияқты. Зерек, ізденімпаз бала қиссаларды жаттап, өлең қылып айтып бірден көзге түсе бастайды. Өлеңдері ауыздан ауызға тарап аудандық газетте басылады. Ақын өзінің бертінде жазған «Жел қайық» деген кітабында сол кезеңді еске ала отырып, менің ақын, азамат болып қалыптасуыма бірден-бір себеп болған ауданның бірінші хатшысы Дәмен Бекшев деген кісі еді. Ол мені оқы, білім ал, өз ортаңды тап деп самолетке отырғызып, Алматыға жіберіп еді деп жазды.

Ал Алматы – Ғафаңның ақын болып танылған тұлға ретінде қалыптасқан жері. Оның бүкіл саналы ғұмыры осы қалада өтті. Атақ-абыройға бөленді. Халықтың сүйікті ақындарының бірі болып, мемлекеттік сыйлық алды.

Ғафу поэзиясы таңғы шықтай мөлдір, саф алтындай таза, ұйқастары төгіліп, көкейге қона кетеді. Бүкіл мұсылман елдеріне тараған «Ана туралы жырдың» әні бір темппен, бір ырғақпен айтылады. Ал сөзі – өте терең сезімге құралған, адам бойындағы анаға деген махаббатты паш ететін ғажайып құбылыс. «Әлдилеп, аялап өсірген жемісің немесе есейіп кетсем де мен саған сәбимін» деген жолдар өмірдің өзіндей айқын, ұғынықты. Одан кейін ана туралы қаншама өлең жазылды. Бірақ олар Ғафаң жазған жырдың биік шыңына шыға алған жоқ. Бұл ән аналарға арналған гимн болып қабылданды. Кезінде бүкіл Алматы осы әнді айтып оянып, осы әнді айтып ұйықтайтындай сезілетін.

Ғафаң ауызша сөйлегенде алдына жан салмайтын сұңғыла шешен еді. Ол сылдыр су сияқты емес, ойлы, мағыналы, астарлы болып келетін. Мен өзім ертеректе Қостанайда ЫбырайАлтынсаринге ескерткіш қойғанда, Ақаң мен Жақаң тойында сары Қошқар батырдың асында, Арқалықтағы кейбір жиын тойларда сөйлеген сөздерін өз құлағыммен естідім. Соның бәрінде оның сөздері тасқын су сияқты сөзден сөз туындап, ой ұшқындап, санаң тербетіліп ерекше бір сезімге бөленіп елтіп отыратынсың. Ол суырып салма табан астында тауып айтатын ұшқыр қиялды, от ауызды орақ тілді ақын болатын.

Ақын Қадыр Мырзалының Ғафаң туралы мынадай өлеңі бар.

Көріне ме басқаша көрегенге,
Жан бітетін қалғыған қара еменге
Айналатын Ғафудың сиқырынан
Айналмайтын нәрсенің бәрі өлеңге!

Жинап жұртын жыр деген
ту астына
Жарысыңды жарысқа ұластырар
Ақын еді ол шіркін-ай,
Қиналмай-ақ
Екі сөзден бір өлең құрастырар!

Толқымайтын жерде де
толқын ақын,
Топ алдында топ жарып
ол тұратын
Қауырт кезде қаңырап
босқа қалған
Бір клубты бір өзі толтыратын!
Еркін сөйлеп, жүретін еркін күліп,
Еркін сөзден сезілер серпінділік!
Қайраң Ғафаң кететін
кетер кезде
Қаралы үйдің өзін де желпіндіріп!

Міне, бұл – ақынға берілген айқын, әділ баға. Оған қойылған мәңгілік поэзия ескерткіші! Ескерткіш дегеннен еске түсті. Алматыда Ғафу мен Шәмші көшесі қатар жатыр. Осыдан сәл ілгерілікте Шәмші ескерткіші бар. Ән тәңірісі өзіне тән еркіндікпен скамейкада аяғын айқастырып қойып жалғыз отыр, жабырқап отыр. Мен ойлаймын, Алматыда ерте ме, кеш пе Ғафуға да бір ескерткіш орнатылар-ау. Сонда көп әуре болмай-ақ оны Шәмшінің жанына отырғыза салып, ту сыртынан қазақ анасының символикалық бейнесін тұрғызса. Оған «Ана туралы жырдың» толық нұсқасын немесе бір-екі куплетін ойып жазса, өте жарасымды болар еді. Ана рухы да, ақын мен ән падишасының рухы да асқақтап, бұрынғыдан да биіктей түсер ме еді?!...

Серік ШАЙМАН,
Қазақстанның құрметті журналисі

МҰҒАЛІМНІҢ МЕКТЕПКЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУДАҒЫ ҚҰҚЫҒЫ ШЕКТЕЛДІ

Білім беру саласы – кәсіби біліктілік пен әділеттілікті талап ететін маңызды сала. Алайда кей кездері тіпті тәжірибелі мұғалімдердің еңбек құқығы бұзылып, заң талаптары ескерусіз қалып жатады. Осындай жағдай жуырда Астана қаласындағы мектептердің бірінде орын алды.

Осылайша, ағымдағы жылдың қыркүйегінде қала тұрғыны мектептің бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысу үшін құжаттарын қабылдаудан негізсіз бас тартқаны бойынша Департаментке шағымданды.

Өз кезегінде, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысу үшін педагогтардың құжаттарын қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және оның көрсету тәртібі мен мерзімі тиісті қағидалармен айқындалған.

Департаментпен тексеру жүргізу барысында 10 жылдық еңбек өтілі бар қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің мектепте жарияланған бос жұмыс орнына конкурс арқылы қатысу үшін барлық құжаттарды тапсырғанымен, мектеп әкімшілігі мұғалімнің тиісті санаты жоқтығын алға тартып қабылдаудан негізсіз бас тартқаны, тиісінше конкурсқа қатысуға шеттетілгені анықталды.

Нәтижесінде, мектеп әкімшілігінің тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталмағаны, яғни негізсіз бас тартқаны анықталып, бұл іске жауапты болған мектеп қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ алдағы уақытта азаматтардың құқықтарының бұзылуына алып келуі мүмкін ықтималдылықтардың орын алуы мүмкін фактілерді болдырмау мақсатында мектеп әкімшілігіне заңнама талаптарын қатаң сақтау жөнінде ұсыныстар берілді.

Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгіне аласыздар.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ЕСКЕ АЛУ

АҚИҚАТТАН АСПАҒАН АУЖЕКЕҢ ЕДІ



Көңілдің көкжиегін мұңдар басқан,
Бұл жалған опасыз ғой әуел бастан.
Бүгінде қабырғамыз қайысқандай,
Айырылып жақсы достан бала жастан.

Астанада бір бәйтерек құлағандай,
Егіліп Есіл-Нұра жылағандай.
Қорғалжын жалбарынып жаратқанға
Төлінің пенделігін кеш деп сұрағандай...

1 қазан күні республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, бірнеше жоғары мемлекеттік ордендер мен төсбелгілердің иегері, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты болып сайланған, 2011 жылы «Қорғалжын ауданының құрметті азаматы» атағы берілген Аманкелді Ыбырай өмірден өтті.

Аманкелді Жұмағұлұлы 1943 жылы Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Кеңбидайық ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін бітіргеннен соң алғаш еңбек жолын Қорғалжын ауданы XXII партсъезд атындағы мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып бастайды. 1967 жылы аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, кейін Сарыөзен кеңшары партия ұйымының хатшысы болып сайланады.

1975 жылы Алматы жоғары партия мектебін тәмамдағаннан кейін он жылдан аса Қорғалжын аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, төрағасы болып қызмет атқарады. 1986 жылы Торғай облысы Қима аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалады.

Негізі Аужекең табиғатынан өте аққөңіл, достыққа сенімді, шындықты шырылдатып ашық айтатын азамат еді. Ол шығармашылық өнерге жақын, өзі өлең жазып, қазақ халық әндерін тыңдауды ұнататын. 2016 жылы баспадан оның «Заман сырын шерткен Қорғалжын» және «Ел қадірі азаматымен» атты екі кітабы жарық көрді. Басылымның аты айтып тұрғандай, автор Қорғалжын өңірінен шыққан белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, еңбек ерлері, өнер саңлақтары жайлы кеңінен сыр шертеді.

Сондай-ақ егемен еліміздің ертеңіне үлкен сеніммен қарап, кейбір шешілмей жүрген мәселелерді көтеріп, оқырмандарына ой салады. Ең бастысы, бүгінгі күн тынысына тоқталып, көңілге қонымды пікірлер айтып, өз пайымын жеткізеді. Естелік жинағы осынысымен құнды сияқты.

Қайран, жалған дүние-ай! Кеше ғана тай-құлындай бірге ойнап өскен қимас досыңды соңғы бақилық сапарға шығарып салу өте қиын әрі өте өкінішті екен. Қалай ауыр десек те, Аманкелдінің достары марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

«Жақсының аты өлмейді» дейді дана халық. Еліне аянбай еңбек еткен, артында өшпестей із қалдырған, көпшіліктің көңілінен жылы орын алған Аманкелдінің есімі, ақжарқын бейнесі оны білетін барлық жандардың жанында ұзақ сақталары хақ! Досымыздың рухы пейіште шалқысын!

Достары атынан
Бименде ҚАЗАНҒАП
Астана қаласы

